

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оңалту және банкроттық рәсімдерін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 800 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оңалту және банкроттық рәсімдерін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оңалту және банкроттық рәсімдерін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., №15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8,45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19,

88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61, 63-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-I, 110-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 70-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 15, 55-құжат; № 22, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 44-құжат):

1) 21-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Дара кәсіпкердің банкроттығы Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында белгіленген қағидалар бойынша ерікті немесе мәжбүрлі түрде танылады. Дара кәсіпкердің қорытынды есебін бекіту және банкроттық рәсімін аяқтау туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап оны дара кәсіпкер ретінде тіркеудің күші жойылады.";

2) 44-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Заңды тұлғаға қатысты оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген оның құрылтайшысы (қатысушысы), лауазымды тұлғасы және (немесе) оны бақылайтын тұлға кредиторларға мүліктік залал келтірген жағдайда, қаражаты жеткіліксіз болғанда құрылтайшы (қатысушы), лауазымды және (немесе) борышкерді бақылайтын тұлға кредиторлар алдында субсидиарлық жауаптылықта болады.";

3) 49-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлғаны тарату туралы сот шешімімен заңды тұлғаны таратуды жүзеге асыру жөніндегі міндеттер оның мүлкінің меншік иесіне, заңды тұлғаны таратуға оның құрылтай құжаттарында уәкілдік берілген органға, заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату рәсіміне бастамашылық жасаған органға (тұлғаға) не сот тағайындаған басқа органға (тұлғаға) жүктелуі мүмкін.";

4) 52-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Борышкер міндеттемелерінің жиынтық мөлшері оны банкрот деп тану туралы өтініш берілген күнгі сот белгілеген оның активтерінің жиынтық мөлшерінен асып түсуі оның дәрменсіздігі деп түсініледі.";

5) 54-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"54-бап. Оңалту рәсімдері

Заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген борышкерге оның таратылуын болғызбау мақсатында төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған, заңнамаға қайшы келмейтін кез келген шаралар қолданылуы мүмкін.

Көрсетілген шаралар оңалту рәсімі шеңберінде іске асырылады, оны жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында айқындалады.";

б) 91-баптың 5-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) егер оған қатысты Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген рәсімдер жүргізілсе, дивидендтер төлеуге құқылы емес."

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 117, 119-құжаттар; № 22-I, 143-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 17-құжат; № 13, 45-құжат; № 21, 98-құжат):

512-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сот мүдделі тұлғаның талап етуі бойынша, дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның оның кәсіпкерлік қызметіне байланысты Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінің ережелерін бұза отырып жасаған сыйға тартуының күшін мұндай тұлғаға қатысты банкроттық және (немесе) оңалту туралы іс қозғалғанның алдындағы бір жыл ішінде жоюы мүмкін."

3. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; №

16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат ; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21 -I, 121, 124-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-II , 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 119-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 6, 11-құжат; № 9, 18-құжат; № 10, 23-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51-құжат; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 7-8, 22-құжат; №10, 32-құжат):

193-баптың 5-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушыға қатысты оңалту рәсімін қолданған кезде қарыз алушының бюджеттік кредитін оңалту жоспарына сәйкес бір реттен асырмай қайта құрылымдауға рұқсат етіледі."

4. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 13-I, 13-II, 83-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; №24, 126-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат ; № 9, 21-құжат; № 14, 50-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат):

1) мазмұнында:

238 және 239-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"238-бап. Қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің әдейі банкроттығы

239-бап. Қаржы ұйымын төлем қабілетсіздігіне дейін жеткізу";

240-баптың тақырыбы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 240-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"240-1-бап. Алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы кредиторларға мүліктік залал келтіру";

2) 3-баптың 38) тармақшасында:

"214, 221, 237, 238 (бірінші бөлігі), 239 (бірінші және екінші бөліктері), 240, 242, 243 және 250 (екінші бөлігі)-баптарда – азаматқа екі айлық есептік көрсеткіштен бір

мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал;" деген сөздер "214, 221, 237, 239 (екінші бөлігі), 240-1, 242, 243 және 250 (екінші бөлігі)-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал;" деген сөздермен ауыстырылсын;"

"238 (екінші бөлігі) және 239 (үшінші бөлігі)-баптарда – орта кәсіпкерлік субъектісіне айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың есе асатын сомада не ірі кәсіпкерлік субъектісіне айлық есептік көрсеткіштен қырық мың есе асатын сомада келтірілген залал;" деген сөздер "238 және 239 (үшінші бөлігі)-баптарда – орта кәсіпкерлік субъектісіне айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың есе асатын сомада не ірі кәсіпкерлік субъектісіне айлық есептік көрсеткіштен қырық мың есе асатын сомада келтірілген залал;" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 237-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мүлікті немесе мүліктік міндеттемелерді, мүлік, оның мөлшері, орналасқан жері туралы мәліметтерді не мүлік туралы өзге де ақпаратты жасыру, мүлікті өзгенің иелігіне беру, мүлікті иеліктен шығару немесе жою, сол сияқты бухгалтерлік және (немесе) есептік құжаттаманы не экономикалық қызметті көрсететін өзге де құжаттарды жасыру, жою, бұрмалау, егер бұл әрекеттерді құрылтайшы (қатысушы), лауазымды адам, заңды тұлғаның органдары, дара кәсіпкер, сол сияқты борышкердің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер берілген адам оналту немесе банкроттық кезінде жасаса және олар ірі залал келтірсе, - белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз елу сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

4) 238-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"238-бап. Қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің әдейі банкроттығы Қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері, ірі қатысушы (ірі акционер) – жеке тұлға, қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) – заңды тұлғаның басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері жасаған, қаржы ұйымына, банк және (немесе) сақтандыру холдингіне ірі залал келтірген әдейі банкроттық, яғни төлем қабілетсіздігін қасақана жасауы немесе ұлғайтуы – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылдан қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқаруға және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болуға өмір бойына тыйым салу белгіленгенге дейінгі мерзімге айыра отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылға

дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

5) 239-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"239-бап. Қаржы ұйымын төлем қабілетсіздігіне дейін жеткізу";

бірінші бөлік алып тасталсын;

6) 240-бап алып тасталсын;

7) мынадай мазмұндағы 240-1-баппен толықтырылсын:

"240-1-бап. Алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы кредиторларға мүліктік залал келтіру Заңды тұлғаны немесе дара кәсіпкерді ірі залал келтірген банкрот деп танығанға дейінгі кезеңде заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы), лауазымды және (немесе) оны бақылайтын тұлға, сол сияқты дара кәсіпкер өз мүддесінде немесе өзге тұлғаның мүддесінде жасаған, мүлікті (активтерді) жою, сыйға тарту, жасыру салдарынан жымқыру белгілері болмаған кезде алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы кредиторларға мүліктік залал келтіру – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады."

5. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 15-I, 15-II, 88 -құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 115-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 8, 16-құжат; № 14, 50, 53-құжаттар; № 16, 56-құжат; 2018ж., № 1, 2-құжат; №10, 32-құжат):

1) 187-баптың 3-1-бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 214 (екінші бөлігінде), 216 (бірінші бөлігінде, екінші бөлігінің 1), 2), 3) және 5) тармақтарында, үшінші бөлігінде), 219–221, 223–224, 226 (екінші бөлігінде), 228 (екінші және үшінші бөліктерінде), 229 (екінші және үшінші бөліктерінде), 230 (екінші және үшінші бөліктерінде), 231, 234 (екінші бөлігінде, үшінші бөлігінің 2) тармағында) 235, 236 (екінші және үшінші бөліктерінде), 237, 238, 239, 240-1, 243 (бірінші бөлігінде), 244, 245 (екінші және үшінші бөліктерінде), 248 (екінші және үшінші бөліктерінде), 249 (бірінші және екінші бөліктерінде, үшінші бөлігінің 1) тармағында), 253, 307 (бірінші және екінші бөліктерінде, үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді экономикалық тергеп-тексеру қызметінің тергеушілері жүргізеді.";

2) 306-баптың 5-бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы Кодексте көзделген жағдайларда аудандық және оларға теңестірілген соттар өздерінің соттылығына жатқызылған істер бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қозғау туралы өтінішхаттарды қарайды.

Ескертпе. Егер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында мамандандырылған тергеу соттары, мамандандырылған ауданаралық тергеу соттары құрылмаса, олардың соттылығына жатқызылған материалдарды осы Кодекстің 232, 234, 240-1-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, аудандық және оларға теңестірілген соттар (тергеу судьясы) қарауға құқылы. Аудандық және оған теңестірілген соттың тергеу судьясын (судьяларын) осы соттың төрағасы судьялар арасынан тағайындайды. Тергеу судьясын ауыстыру қажет болған кезде ол қайта тағайындалуы мүмкін."

6. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; № 12, 34-құжат; № 14, 49, 50, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 114, 115-құжаттар; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 36-құжат; № 11, 44-құжат):

1) мазмұнында:

182-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"182-бап. Алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы кредиторларға мүліктік залал келтіру";

183-баптың тақырыбы алып тасталсын;

2) 176-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өзінің іс жүзіндегі дәрменсіздігін (банкроттығын) білетін лауазымды адамның, борышкер мүлкінің меншік иесінің немесе дара кәсіпкердің, сол сияқты оналту немесе банкроттық кезінде борышкердің мүлкі мен істерін басқару бойынша өкілеттіктер

берілген тұлғаның басқа кредиторларға көрінеу залал келтіріп, жекелеген кредиторлардың мүліктік талаптарын құқыққа сыйымсыз қанағаттандыруы, сол сияқты борышкердің басқа кредиторларға залал келтіріп, өзіне артықшылық жасағанын білетін кредитордың мұндай қанағаттандыруды қабылдауы, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –";

3) 177-бапта:

төртінші бөлік алып тасталсын;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы белгіленген нысанда ағымдағы және сұралатын ақпаратты беру міндетін орындамау не тиісінше орындамау - ескерту жасауға әкеп соғады.";

4) 179-баптың сегізінші, тоғызыншы және он сегізінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Борышкердің пайдасына ақша түскеннен кейін кредиторлармен есеп айырысуды жүзеге асыру міндетін орындамау не тиісінше орындамау, сол сияқты кредиторлармен есеп айырысуды кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудың белгіленген тәртібін бұза отырып жүргізу - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

9. Кредиторларға мүліктік залал келтіру белгілері анықталған жағдайларда құқық қорғау органдарына ақпаратты хабарламау - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

"18. Борышкердің құрылтайшысынан (қатысушысынан), лауазымды және (немесе) оны бақылайтын тұлғадан залалды (субсидиарлық жауаптылықты) өндіріп алу (өтету) туралы сотқа талаптар қоймау - жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5) 181-баптың оныншы және он төртінші бөліктері алып тасталсын;

6) 182-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"182-бап. Алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы кредиторларға мүліктік залал келтіру

Заңды тұлғаны немесе дара кәсіпкерді ірі залал келтірген банкрот деп танығанға дейінгі кезеңде заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы), лауазымды және (немесе) оны бақылайтын тұлға, сол сияқты дара кәсіпкер өз мүддесінде немесе өзге тұлғаның мүддесінде жасаған, мүлікті (активтерді) жою, сыйға тарту, жасыру салдарынан жымқыру белгілері болмаған кезде алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы кредиторларға мүліктік залал келтіру, егер бұл іс-әрекеттер залал келтірсе және қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса –

жеке тұлғаға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Залал ретінде жеке тұлғаға екі мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада, заңды тұлғаға немесе мемлекетке он мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада келтірілген залал танылады.";

7) 183-бап алып тасталсын;

8) 684-баптың бірінші бөлігіндегі "182, 183, 185, 187 (екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 189, 190 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 191, 193 (екінші және үшінші бөліктерінде), 199 (екінші бөлігінде)" деген сөздер "182, 185, 187 (екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 189, 190 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 191, 193 (екінші және үшінші бөліктерінде), 199 (екінші бөлігінде)," деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 804-баптың бірінші бөлігінің 31) тармақшасындағы "182, 183, 190 (үшінші және төртінші бөліктері), 246 (бесінші және алтыншы бөліктері)" деген сөздер "182, 190 (үшінші және төртінші бөліктері), 246 (бесінші және алтыншы бөліктері)," деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, 20-III, 112-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 14, 50, 51-құжаттар; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 44-құжат):

138-баптың 114) тармақшасындағы "заңнамасының сақталуына жүзеге асырылады." деген сөздер "заңнамасының сақталуына;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 115) тармақшамен толықтырылсын:

"115) Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасының сақталуына жүзеге асырылады."

8. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-V, 20-VI, 114-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 8, 16-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 44-құжат):

1) мазмұнындағы 355-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"355-бап. Берешекті қайта құрылымдау, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды оңалту және олардың банкроттығы, сондай-ақ оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы істерді қарау";

2) 243-баптың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) берешекті қайта құрылымдау туралы;"

3) 302-баптың бірінші бөлігінің 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) берешекті қайта құрылымдау, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды оңалту, олардың банкроттығы, сондай-ақ оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы;"

4) 355-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"355-бап. Берешекті қайта құрылымдау, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды оңалту және олардың банкроттығы, сондай-ақ оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы істерді қарау

Сот берешекті қайта құрылымдау, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды оңалту және олардың банкроттығы, сондай-ақ оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы істерді "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ерекшеліктермен осы Кодексте көзделген жалпы қағидалар бойынша қарайды.";

5) 434-баптың 2-тармағының екінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) берешекті қайта құрылымдау туралы, сондай-ақ оңалту рәсімі және банкроттық рәсімі шеңберінде туындайтын даулар жөніндегі істер, оның ішінде борышкер жасасқан мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы, борышкердің мүлкін (активтерін) қайтару туралы, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушының талап қоюлары бойынша дебиторлық берешекті өндіріп алу туралы істер бойынша сот актілері кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайды."

9. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-I, 22-II, 107-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 44-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "төлем қабілетсіздігін реттеу туралы келісімдер", "төлем қабілетсіздігін реттеу рәсімдері", "төлем қабілетсіздігін реттеу туралы келісім" деген сөздер тиісінше "берешекті қайта құрылымдау туралы келісімдер", "берешекті қайта құрылымдау рәсімдері", "берешекті қайта құрылымдау туралы келісім" сөздермен ауыстырылсын;

2) 116-баптың 4-тармағының бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) оңалту рәсімі қолданылған жағдайда – соттың оңалту рәсімін қолдану туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап;

3) берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді сот бекіткен жағдайда – соттың осындай келісімді бекіту туралы ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап;"

4) 117-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігінің жетінші, тоғызыншы және оныншы абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекіткен жағдайда, салық төлеушіге қатысты салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімі өзгерген кезде;"

"сот оңалту туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарымды шығарған кезде – мұндай ұйғарым шығарылған күннен бастап;

сот берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекіткен кезде – мұндай рәсімді қолдану туралы сот шешім шығарған күннен бастап өсімпұл есепке жазылмайды;"

4-тармақта:

2) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2) соттың оңалту жоспарын бекітуден бас тарту туралы ұйғарымы заңды күшіне енген жағдайда – соттың оңалту туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап;"

мынадай мазмұндағы жаңа 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) соттың салық төлеушіге қатысты оңалту рәсімін қолданудан бас тарту туралы шешімінің заңды күшіне енуі жағдайында – сот оңалту туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) салық төлеуші "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді жасаспаған не сот осындай келісімді бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарған жағдайда – сот берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы шешім қабылдаған күннен бастап өсімпұлды есепке жазу қайта басталады."

10. 2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 23, 110-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "төлем қабілетсіздігін реттеу туралы келісімдер", "төлем қабілетсіздігін реттеу рәсімдері", "төлем қабілетсіздігін реттеу туралы келісім" деген сөздер тиісінше "төлем қабілетсіздігін қайта құрылымдау туралы келісімдер", "төлем қабілетсіздігін қайта құрылымдау рәсімдері", "төлем қабілетсіздігін қайта құрылымдау туралы келісім" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 123-баптың 4-тармағының бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) оңалту рәсімі қолданылған жағдайда – соттың оңалту рәсімін қолдану туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап;

3) берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді сот бекіткен жағдайда – соттың осындай рәсімді бекіту туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап;"

3) 124-бапта:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Өсімпұл төлеушіде кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары бойынша туындаған берешек сомасына:

1) "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекіткен жағдайда, төлеушіге

қатысты кедендік төлемдердің, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары бойынша берешекті өтеу мерзімі өзгерген кезде;

2) сот банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарған кезде – мұндай ұйғарым шығарылған күннен бастап;

3) сот оңалту туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарған кезде – мұндай ұйғарым шығарылған күннен бастап;

4) сот берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекіткен кезде – мұндай келісімді бекіту туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап есепке жазылмайды.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Мынадай:

1) соттың салық төлеушіні банкрот деп танудан бас тарту туралы шешімі заңды күшіне енген жағдайда – сот банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап;

2) соттың оңалту жоспарын бекітуден бас тарту туралы ұйғарымы заңды күшіне енген жағдайда – соттың оңалту туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым заңды күшіне енген күннен бастап;

3) соттың салық төлеушіге қатысты оңалту рәсімін қолданудан бас тарту туралы шешімінің заңды күшіне енуі жағдайында – сот оңалту туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарымды шығарған күннен бастап;

4) салық төлеуші "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді жасаспаған не сот осындай келісімді бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарған жағдайда – сот берешекті қайта құрылымдауды қолдану туралы шешім қабылдаған күннен бастап өсімпұлды есепке жазу қайта басталады."

11. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 35-құжат; № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 180-құжат; № 14, 274-құжат; 1997 ж., № 12, 183-құжат; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63, 64-құжаттар; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 1-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 18, 157-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2009 ж., № 24, 122, 125-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-І

, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 22, 109-құжат):

11-баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға әрекет етпейтін заңды тұлғалардың жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылса және (немесе) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылса және (немесе) хабар-ошарсыз кеткен деп танылса және (немесе) қайтыс болған деп жарияланса және (немесе) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 195-1, 215, 237 және 238-баптары бойынша қылмыстары үшін жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар болса, сондай-ақ мерзімдік төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылатын және мерзімдік өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша үш айдан асатын берешегі жоқ адамды қоспағанда, егер құрылтайшы (жеке тұлға және (немесе) заңды тұлға), заңды тұлғаның басшысы, заңды тұлғаны құрған заңды тұлғаның құрылтайшысы және (немесе) басшысы атқарушылық құжат бойынша борышкерлер болып табылған жағдайда;"

12. "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 12-құжат; № 15-16, 232-құжат; 2003 ж., № 19-20, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 89-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 52-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 68-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

38-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"38-бап. Оңалтылатын, сондай-ақ мәжбүрлеу тәртібімен таратылатын астық қабылдау кәсіпорны кредиторларының талаптарын қанағаттандырудың кезектілігі";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Оңалтылатын, сондай-ақ мәжбүрлеп таратылатын, оның ішінде оның банкроттығына байланысты таратылатын астық қабылдау кәсіпорны кредиторларының талаптары осы бапта белгіленген тәртіппен қанағаттандырылады."

13. "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 10, 55-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат

; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 4, 28, 33-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 4, 30-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 63-құжат; № 16, 90-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42, 45-құжаттар; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 44-құжат):

1) 22-баптың 5-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) егер оған қатысты Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген рәсімдер қолданылса, дивидендтерді есепке жазуға жол берілмейді.";

2) 26-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) егер акцияларды сатып алу кезінде қоғамға қатысты оңалту немесе банкроттық туралы іс қозғалса;"

3) 30-бапта:

4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) егер қоғамға қатысты оңалту рәсімі қолданылса, Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған оңалту жоспары негізінде жүзеге асырылады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Бағалы қағаздар және өзге де ақшалай міндеттемелер банктің активтері мен міндеттемелерін қайта құрылымдау, төлеуге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банкті реттеу жөнінде шаралар қолдану рәсімі аясында немесе қоғамның оңалту процесінде қоғам акцияларына айырбасталатын жағдайда, егер қоғамға қатысты оңалту рәсімі қолданылса, басымдықпен сатып алу құқығы акцияларын бағалы қағаздарды және (немесе) қоғамның ақшалай міндеттемелерін оның акцияларына айырбастау арқылы орналастырған кезде банктің (қоғамның) акционерлеріне берілмейді."

14. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 144-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III

, 136-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 16, 56-құжат; № 22, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 44-құжат):

1) 42-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) борышкер болып табылатын заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе заңнамада белгіленген тәртіппен сот дара кәсіпкерлерді және заңды тұлғаларды оңалту туралы немесе олардың банкроттығы туралы іс қозғау туралы ұйғарым қабылдаған, сот мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдаған;"

2) 44-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Заңның 42-бабының 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда – борышкердің немесе өндіріп алушының құқықтық мирасқоры айқындалғанға, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі борышкерге немесе өндіріп алушыға қорғаншы немесе қамқоршы тағайындалғанға, белгіленген тәртіппен заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылданғанға, борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға немесе оңалту жоспарын бекіту туралы ұйғарым шығарғанға дейін;"

3) 47-баптың 1-тармағында:

1-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекіту туралы соттың ұйғарымы заңды күшіне енсе;"

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) өндіріп алушы немесе борышкер болып табылған заңды тұлғаны тарату аяқталса, құқықтық мирасқоры болмаған кезде не атқарушылық құжат борышкер болып табылатын заңды тұлғаның тарату комиссиясына орындау үшін жіберілсе, борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі немесе оңалту жоспарын бекіту туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енсе;"

15. "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 4-5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-III, 136-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53, 55-құжаттар; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 44-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша:

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

"мөрлерді, мөртабандарды", "мөрлерін, мөртабандарын", "банкроттың мөрін" деген сөздер тиісінше "мөрлерді (ол болған кезде), мөртабандарды", "мөрлерін (ол болған кезде), мөртабандарын", "банкроттың мөрін (ол болған кезде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек", "салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек", "салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек" деген сөздер тиісінше "салықтар, кедендік төлемдер, демпингке қарсы, өтемақы баждары, пайыздар, сондай-ақ бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек", "салықтар, кедендік төлемдер, демпингке қарсы, өтемақы баждары, пайыздар, сондай-ақ бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек" деген сөздермен ауыстырылсын;

"салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кредитор", "салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кредиторға", "салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кредитор" деген сөздер тиісінше "салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор", "салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредиторға" деген сөздермен ауыстырылсын.

"төлем қабілетсіздігін реттеу рәсімі", "төлем қабілетсіздігін реттеу туралы", "өзінің төлем қабілетсіздігін реттеу туралы", "төлем қабілетсіздігін реттеу рәсімін", "төлем қабілетсіздігін реттеу рәсімі" деген сөздер тиісінше "берешекті қайта құрылымдау рәсімі", "берешекті қайта құрылымдау туралы", "өзінің берешегін қайта құрылымдау туралы", "берешегін қайта құрылымдау рәсімін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"кредиттер", "кредит" деген сөздер тиісінше "қарыздар", "қарыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

"кепіл мүлкіне", "кепіл мүлкін", "кепіл мүлкі", "кепіл мүлікті", "кепіл мүлік", "кепіл мүліктің" деген сөздер тиісінше "кепілге салынған мүлікке", "кепілге салынған мүлікті", "кепілге салынған мүлік", "кепілге салынған мүлікті", "кепілге салынған мүліктің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заң кредиторлар талаптарын борышкер толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, берешекті қайта құрылымдау рәсімін, оңалту рәсімін және борышкерді банкрот деп тану, банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату негіздерін белгілейді, сондай-ақ оларды жүргізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.";

3) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауылшаруашылық өнімін өндіруші – жерді пайдалана отырып, ауылшаруашылық өнімін өндіретін; мал шаруашылығының, құс шаруашылығының (оның ішінде төлді өсіруден бастап толық циклді асыл тұқымды), омарта шаруашылығының

ауылшаруашылық өнімін, егер осы өнімді, оның ішінде қайта өңделген өнімді өткізуден түсетін табыс жылдық табыстың жалпы сомасының елу пайызынан астамын құраса, өндіретін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

2) әкімші – сотта істерді қарау, сондай-ақ оңалту рәсімін және банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде белгіленген тәртіппен тағайындалатын уақытша әкімші, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылар;

3) әкімшілік шығыстар – оңалту рәсіміне немесе банкроттық рәсіміне бастамашылық жасауға және оларды жүргізуге байланысты шығыстар;

4) банкрот – дәрменсіздігі заңды күшіне енген сот шешімімен белгіленген борышкер;

5) банкроттық – борышкердің сот шешімімен танылған, оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі;

6) банкроттық рәсімі – кредиторлардың талаптарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен банкроттың мүліктік массасы есебінен қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын рәсім;

7) банкроттықты басқарушы – банкроттық рәсімін жүзеге асыру үшін оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті орган тағайындаған адам;

8) бітімгершілік келісім – банкроттық рәсімнің кез келген сатысында оны тоқтату мақсатында, борышкер (банкрот) мен кредиторлар арасында сот бекітетін келісім жасасу жолымен қолданылатын рәсім;

9) борышкер – өзіне осы Заңда көзделген рәсімдерді қолдануға негіздер бар дара кәсіпкер немесе заңды тұлға, сондай-ақ оған қатысты ол рәсімдер қолданылған адам;

10) біртекті кредиторлар тобы – борышкерге қоятын бірдей талаптары бар және оларды қанағаттандыруда бір-бірінің алдында артықшылығы жоқ кредиторлар тобы.

Біртексті кредиторлар топтарын:

өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар бойынша кредиторлар;

еңбек шарттары бойынша еңбекақы және өтемақыларды төлеу, сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешектерді төлеу жөніндегі кредиторлар;

кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредиторлар;

салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредиторлар;

тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді беру шарттарынан туындайтын талаптар бойынша кредиторлар;

кепілмен қамтамасыз етілмеген қарыз (микрокредит) алуға арналған шарттардан туындайтын талаптар бойынша кредиторлар – қаржы ұйымдары (микроқаржы ұйымдары);

борышкердің облигацияларын ұстаушы кредиторлар құрай алады;

11) бірыңғай өндірістік кешен – жиынтығында ауылшаруашылық өнімін өндіру, дайындау, сақтау, тасымалдау, қайта өңдеу немесе өткізу кезінде бірыңғай циклді қамтамасыз ету үшін қажетті мүлік;

12) жоқ борышкер – тұрғылықты жерін, сондай-ақ қатысушылары мен лауазымды адамдарының орналасқан жерін қатарынан алты ай ішінде анықтау мүмкін болмаған борышкер.

Осы Заңның мақсаттары үшін тұрғылықты жер ретінде:

заңды тұлға үшін – Бизнес-идентификаттау нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген оның тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жері;

дара кәсіпкер үшін – салық органында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген, ол қызметін басымдықпен жүзеге асыратын орын;

жеке тұлға үшін – Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасына сәйкес оны тіркеу орны танылады;

13) кәдімгі коммерциялық операциялар – борышкердің әдеттегі қызметіне жататын, тұрақты сипаты бар, бірақ онымен шектелмейтінін қоса алғанда: үй жайды жалдау және коммуналдық қызмет үшін төлемдерді жүзеге асыру, берушілермен мәмілелер, шикізатты сатып алу, жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, дайын өнімді өткізу және қызмет көрсету әрекеттері.

Кәдімгі коммерциялық операцияларға жылжымайтын мүлікті немесе өзге активтерді шеттетумен, мүлікті кепілге берумен, оның ішінде үшінші тұлғаларға берумен байланысты мәмілелер жатпайды;

14) кепілді кредитор – талаптары борышкердің мүлкін кепілге салумен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредитор;

15) кредитор – еңбекке ақы төлеу, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу бойынша, авторлық сыйақыны, салықтар, кедендік төлемдер, демпингке қарсы, өтемақы баждары, пайыздар, сондай-ақ бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді қоса алғанда, борышкерге азаматтық-құқықтық және борышкердің өзге де міндеттемелерінен туындайтын мүліктік талаптары бар тұлға;

16) кредиторлар комитеті – кредиторлардың оңалту және банкроттық рәсімдерінде кредиторлар жиналысы сайлайтын және осы Заңда көзделген өкілеттіктерге ие өкілді органы;

17) кредиторлар талаптарының тізілімі – осы Заңда белгіленген тәртіппен оңалту немесе банкроттық рәсімдерінде қалыптасатын мөлшері, негіздері мен туындау күні көрсетіле отырып, кредиторлардың борышкерге қоятын талаптарының тізбесі;

18) кредиторларға мүліктік залал келтіру – борышкер құрылтайшысының (қатысушысының), лауазымды және (немесе) оны бақылайтын тұлғаның, сол сияқты дара кәсіпкердің өз мүдделерін немесе өзге адамдардың мүдделерін көздей отырып, кредиторларды алдау немесе олардың сенімін теріс пайдалану арқылы борышкер банкрот деп танылғанға дейін борышкердің мүлкін (активтерін) жою, сыйға тарту, жасыру салдарынан жасаған әрекеті (әрекетсіздігі).

Мүліктік залал деп осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген әрекеттер (әрекетсіздік) жасалған күнінде борышкердің кредитор алдындағы орындалмаған міндеттеме көлемі түсініледі;

19) қала құраушы заңды тұлға – өңірлік даму жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалатын заңды тұлға;

20) лауазымды адам – акционерлік қоғам директорлары кеңесінің мүшесі, борышкер заңды тұлғаның басшысы (басшының орынбасары), сондай-ақ заңды тұлғаның алқалы атқарушы органына кіретін, заңды тұлғаны басқару бойынша тұрақты немесе уақытша өкілеттіктер берілген өзге тұлға, борышкер заңды тұлғаның бас бухгалтері, сол сияқты оның міндеттерін уақытша атқаратын өзге тұлға;

21) мүліктік масса – борышкердің немесе банкроттың оңалту рәсімінде немесе банкроттық рәсімінде өндіріп алу қолданылуы мүмкін мүлкі (активтері), сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларда өзге де тұлғалардың мүлкі (активтері);

22) оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – оңалту және банкроттық саласында мемлекеттік реттеуді және бақылауды жүзеге асыратын (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) мемлекеттік орган;

23) оңалту жоспары – оңалту рәсімін қолдану кезінде борышкерді сауықтыруға бағытталған және борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және жұмыс орындарын сақтау мақсатында борышкер мен кредиторлар арасындағы өзара келісім негізінде жүзеге асырылатын, кредиторлар талаптарын қанағаттандыру кестесін қоса алғанда, іске асырылу мерзімдері, сондай-ақ қол жеткізілетін нәтижелер, пайдаланылатын ресурстар мен ықтимал тәуекелдер көрсетілетін өзара байланысты іс-шаралар кешені;

24) оңалту рәсімі – сот тәртібімен енгізілетін рәсім, оның шеңберінде борышкерге оның төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған қайта ұйымдастыру, ұйымдық-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шаралар қолданылады;

25) оңалтуды басқарушы – осы Заңда белгіленген тәртіппен оңалту рәсімі кезеңінде борышкердің мүлкін (активтерін) және істерін басқару жөніндегі өкілеттік берілетін тұлға;

26) реверсивті факторинг – борышкер (банкрот), оның дебиторы және үшінші тұлға арасында жасалған үшжақты шарт, мұнда дебитор өзінің борышкер (банкрот) алдындағы міндеттемесін үшінші тұлғаға береді, ал үшінші тұлға дебитордың борышкер (банкрот) алдындағы міндеттемесін орындайды;

27) салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор – борышкердің салықтарды, кедендік төлемдерді, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, пайыздарды, сондай-ақ бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерінен туындайтын мүліктік талаптары бар тұлға;

28) санация – оңалту жоспарында көзделген іс-шара, оның барысында борышкер мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), кредиторлар немесе өзге де тұлғалар борышкерге қаржылық көмек көрсетеді, сондай-ақ борышкердің резервтерін жұмылдыру мен оның қаржылық-шаруашылық жағдайын жақсарту жөніндегі өзге де шаралар кешенін іске асырады;

29) төлем қабілеттілігі – заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің өз билігіндегі мүлік (активтер) есебінен шартта (шарттарда) және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген ақшалай міндеттемелерді уақытылы орындау қабілеттілігі;

30) уақытша әкімші – кредиторлар талаптарының тізілімін және оңалту жоспарының тиімділігі (тиімсіздігі) туралы қорытындыны жасау үшін сот тағайындаған тұлға;

31) уақытша басқарушы – банкроттық туралы іс қаралу барысында кредиторлар талаптары тізілімін қалыптастыру үшін, сондай-ақ банкроттықты басқарушыны тағайындағанға дейін банкроттық рәсімін жүргізу үшін сот тағайындаған тұлға;

32) үлестес тұлғалар – шешімдерді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) оңалту немесе банкроттық рәсіміне қатысушы қабылдайтын шешімдерге әсер ету, оның ішінде жасалған шартқа орай әсер ету мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлға (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды, ұлттық басқарушы холдингті, Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорын қоспағанда). Оңалту немесе банкроттық рәсіміндегі үлестес тұлғалардың тізбесі осы Заңның 9-бабында белгіленеді;

33) факторинг – борышкер (банкрот), оның дебиторы және үшінші тұлға арасында жасалған үшжақты шарт, мұнда борышкер (банкрот) өз дебиторына қоятын мүліктік талапты үшінші тұлғаға береді немесе беруге міндеттенеді, ал үшінші тұлға борышкердің (банкроттың) дебиторына қойылатын талап ету құқығының орнына борышкердің (банкроттың) билік етуіне ақша немесе басқа да мүлік береді немесе беруге міндеттенеді.";

4) 3-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заң қазыналық кәсіпорындар мен мекемелерден, жинақтаушы зейнетақы қорларынан, банктерден, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан басқа, заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің берешекті қайта құрылымдау, оңалту мен банкроттығы, сондай-ақ оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы істерге қолданылады.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың берешегін қайта құрылымдау, оларды оңалту, олардың банкроттығы, сондай-ақ оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы істерді сот осы Заңда белгіленген ерекшеліктерімен азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы қағидалары бойынша қарайды.";

5) 4-баптың 5-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Дәрменсіздік деп борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішті беру күнінде оның міндеттемелерінің жалпы сомасының оның активтерінің жалпы сомасынан асып кетуі түсініледі.";

6) 5, 6 және 7-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Оңалту, банкроттық немесе берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану үшін сотқа жүгіну негіздері

1. Борышкердің дәрменсіздігі өзін банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуіне негіз болып табылады.

2. Борышкердің оңалту рәсімін қолдану туралы сотқа өтінішпен жүгінуі үшін осы Заңның 4-бабының 5-тармағында белгіленген дәрменсіздік белгілері жоқ болған кезде осы баптың 4-тармағында көзделген шарттардың бірі немесе бірнешеуі болуы негіз болып табылады.

3. Борышкердің берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгінуі үшін осы баптың 4-тармағында көзделген шарттардың бірі немесе бірнешеуі болуы негіз болып табылады.

4. Кредитор борышкерді банкрот деп тану немесе оңалту рәсімін қолдану туралы сотқа өтінішпен жүгіну үшін борышкердің:

1) өмір мен денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу, алименттерді өндіріп алу, еңбекақы төлеу, еңбек шарттары бойынша өтемақылар төлеу жөніндегі міндеттемелері, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша, сондай-ақ қызметтік өнертабыстары, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгілер үшін авторлық шарттар бойынша сыйақылар жөніндегі міндеттемелері бойынша, оларды орындау мерзімі басталған күннен бастап үш ай ішінде, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген бір жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен;

2) борышкердің филиалдары мен өкілдіктерінің берешегін қоса алғанда, салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор алдындағы міндеттемелері бойынша,

оларды орындау мерзімі басталған кезден бастап төрт ай ішінде, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген бір жүз елу айлық есептік көрсеткіштен;

3) өзге кредиторлар алдындағы міндеттемелері бойынша, оларды орындау мерзімі басталған кезден бастап үш ай ішінде, дара кәсіпкерлер үшін – республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген үш жүз айлық есептік көрсеткіштен кем емес, заңды тұлғалар үшін – республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген бір мың айлық есептік көрсеткіштен кем емес соманы құрайтыны берешегі негіз болып табылады.

Осы тармақтың талаптары борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы өтініш беру жағдайларына қолданылмайды.

6-бап. Кредиторларға мүліктік залал келтіргені үшін жауаптылық

1. Борышкер құрылтайшысының (қатысушысының), лауазымды және (немесе) борышкерді бақылайтын тұлғаның, дара кәсіпкердің мүліктік залал келтіруі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

Банкроттықты басқарушы банкроттық рәсімін өткізу барысында кредиторларға мүліктік залал келтіру белгілерін анықтаған күннен бастап бір ай ішінде, сондай-ақ осы Заңның 47-бабының 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша прокурордың өтініші бойынша банкрот деп танылған жағдайда тиісті тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылыққа тарту үшін құқық қорғау органдарына жүгінуге міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде санамалап көрсетілген тұлғалар қылмыстық немесе әкімшілік іс жүргізу барысында анықталған фактілер бойынша кредиторларға мүліктік залал келтіргені үшін өзіне тиесілі мүлікпен (активтермен) банкроттың кредиторлары алдында субсидиарлық жауаптылықта болады.

Банкроттықты басқарушы банкроттық рәсімі барысында кредиторларға мүліктік залал келтіру фактісі анықталған кезде, банкроттық рәсімінің нәтижелері бойынша банкрот мүлкінің (активтерінің) жеткіліксіз болуына қарай қанағаттандырылмай қалған кредиторлар талаптарының сомаларын өндіріп алу туралы талап қойып, сотқа жүгінуге міндетті.

Жалғыз кредитор салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор болған жағдайларды қоспағанда, банкроттық рәсімінде жекелеген кредиторлардың өз мүдделері үшін мұндай талаптар қоюына жол берілмейді.

Кредиторларға мүліктік залал келтіру фактісі банкроттық рәсімі аяқталғаннан кейін анықталған кезде кредиторлар банкроттық рәсімінің нәтижелері бойынша банкрот мүлкінің (активтерінің) жеткіліксіз болуына қарай қанағаттандырылмай қалған кредиторлар талаптарының сомаларын өндіріп алу туралы талап қойып, сотқа жүгінуге құқылы.

7-бап. Борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану және мүлікті (активтерді) қайтару

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, егер мәмілелерді борышкер немесе ол уәкілеттік берген тұлға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және осы Заңда көзделген негіздер болған кезде банкроттық (немесе) оңалту туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл ішінде жасасқан болса, олар жарамсыз деп танылады.

Егер борышкерге банкроттық рәсімі оңалту рәсімін тоқтату нәтижесінде қолданылған болса, осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген мерзім оңалту рәсімін қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап есептелінеді.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделгендерден басқа мәмілелердің жарамсыздығына:

1) жасалған мәміленің бағасы және (немесе) өзге де жағдайлар, салыстырмалы жағдайларда ұқсас мәмілелер жасалатын кезде борышкер үшін бағалардан және (немесе) өзге де жағдайлардан айтарлықтай нашар болатын өзге де жағдайлар;

2) мәміле борышкердің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, құрылтай құжаттарында шектелген қызметіне сәйкес келмесе не жарғыда айқындалған құзырет бұзылып жасалған мәміле;

3) мүліктің (активтердің) өтеусіз (оның ішінде уақытша пайдалануға) не салыстырмалы экономикалық жағдайлар кезінде борышкер үшін біртекті немесе ұқсас тауар бағасынан айтарлықтай нашар болатын бағамен не кредиторлардың мүдделеріне негізсіз нұқсан келтіріп берілген болса;

4) егер банкроттық және (немесе) оңалту туралы іс қозғалғанға дейін алты ай ішінде жасалған мәміле белгілі бір кредиторлардың талаптарын басқаларына қарағанда артықшылықпен қанағаттандыруға әкеп соқса;

5) борышкердің мүлкін (активтерін) сыйға тарту шарттары, егер мұндай мәміленің оңалту немесе банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін бір жыл бұрын жасалған мәмілелерден айтарлықтай айырмашылығы болса;

6) борышкер немесе ол уәкілеттік берген тұлға банкроттық және (немесе) оңалту туралы іс қозғалғанға дейін бір жыл ішінде, осындай мәмілелерден туындаған міндеттемелер іс жүзінде орындалмаған, кредиторларға мүліктік залал келтіріліп үлестес тұлғамен жасалған мәміле негіз болып табылады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген мән-жайлар кезінде жасалған мәмілелер анықталған жағдайда, әкімші, оның ішінде мәмілені анықтаған кредитордың өтінішхаты бойынша, анықталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мұндай мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуге міндетті.

4. Мәміле жарамсыз деп танылған кезде жауапкер мәміле бойынша алынғандардың бәрін қайтаруға міндетті, заттай қайтару мүмкін болмаған кезде – қайтарылуға жататын мүліктің (активтердің), орындалған жұмыстардың немесе көрсетілген қызметтердің құнын өтеуге міндетті.

Бұл ретте жауапкер борышкерге талап құқығына ие болады, ол осы Заңның 100-бабының 5-тармағына сәйкес қанағаттандырылуға жатады.

Сот, осы баптың 2-тармағының б) тармақшасында көзделген негіздер бойынша мәмілені заңсыз деп таныған жағдайда, жауапкер борышкерге талап құқығына ие болады, ол осы Заңның 100-бабының 7-тармағына сәйкес қанағаттандырылуға жатады.

5. Осы бапта көзделген жағдайларда, мүлікті (активтерді) қайтару мүмкін болмаған кезде немесе мүлік (активтер) оның жоғалуына, бүлінуіне не оны кейіннен үшінші тұлғалардың сатып алуына байланысты өтеусіз берілген кезде талап етілетін мүліктің (активтердің) бастапқы сатып алушылары борышкер алдында жоғалған, бүлінген не үшінші тұлғалар адал жолмен сатып алған мүліктің (активтердің) құны шегінде осыған байланысты туындаған залалды өтеу бойынша жауапты болады.

6. Бастапқы сатып алушылардың мүліктің (активтердің) құнын өтеуі мүмкін болмаған кезде борышкердің мүлкін (активтерін) иеліктен шығару туралы шешім қабылдаған тұлға, сондай-ақ осы Заңда белгіленген жағдайларда осындай мәмілені келіскен уақытша әкімші және уақытша басқарушы сот тәртібімен субсидиарлық жауаптылыққа тартылуға тиіс.

7. Осы баптың талаптары:

1) жобалық қаржыландыру, секьюритилендіру;

2) қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен жасалған;

3) шарттары борышкердің банкроттық және (немесе) оңалту туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл ішінде жасасқан мәмілелерден айтарлықтай айырмашылығы жоқ кәдімгі коммерциялық операциялардың шеңберінде жасалған мәмілелерге қолданылмайды.

8. Оңалтуды немесе банкроттықты басқарушылар, борышкердің, банкроттық немесе оңалту туралы іс қозғалғанға дейінгі үш жыл ішінде біріктіру, бөлу немесе бөліп шығару жолымен жасалған және активтерді шығаруға әкеп соққан қайта ұйымдастырылуын жарамсыз деп тану туралы сотқа жүгінуге құқылы.";

7) 8-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Банкроттықты басқарушы кредиторлар комитетінің шешімі негізінде, банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін жасалған шартты өзгертуге, бұзуға, орындаудан бас тартуға немесе оның жарамдылығына дауласуға, борышкер берген мүлікті (активті) қайтаруды талап етуге міндетті.";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Оңалту немесе банкроттық туралы іс қозғау туралы сот ұйғарымы шығарылған күннен бастап және оңалту немесе банкроттық туралы істі тоқтату туралы сот ұйғарымы не борышкерге оңалту рәсімін қолдану немесе борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін борышкер мен оның кредиторлары арасындағы өзара талаптарды есепке алуға жол берілмейді.";

8) 10-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уәкілетті орган және әкімші борышкерді банкрот деп тануға дейінгі кезеңді қоса алғанда, банкрот мүлкінің меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), құрылтайшыларының (қатысушыларының) келісімін алмастан, борышкердің қаржылық-шаруашылық қызметі туралы мәліметтерді сұратуға және алуға құқылы.

2. Әкімшінің не уәкілетті органның осы мәліметтер сеніп тапсырылған немесе оған қызметі немесе жұмысы бойынша белгілі болған лауазымды адамының қаржылық-шаруашылық қызмет туралы мәліметтерді жария етуі, сол сияқты осындай мәліметтерді қамтитын құжаттарды жоғалту Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады. Осы баптың күші сонымен қатар әкімші тартқан тұлғаларға да қолданылады.";

9) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Борышкердің құқықтық жағдайы

1. Борышкер:

1) осы Заңда көзделген жағдайларда оны банкрот деп тану, берешекті қайта құрылымдау рәсімін, оңалту рәсімін, банкроттық рәсімін қозғамай таратуды қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгінуге;

2) оңалту жоспарын бекіту туралы сот ұйғарымы заңды күшінен енген күннен бастап борышкер мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға), құрылтайшыға (қатысушыға) мүлікті (активтерді) және істерді басқару құқығын сақтау туралы сотта арызбен білдіруге;

3) осы Заңда көзделген тәртіппен және шарттарда банкроттық рәсімі барысында бітімгершілік келісім жасасуға;

4) сотта кредиторлық берешек сомаларына дауласуға, сондай-ақ осы мақсаттар үшін аудиторлық ұйымдарды тартуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құқықтарды пайдалануға құқылы.

2. Борышкер:

1) оның мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), заңды тұлғаның құрылтай құжаттармен осыған уәкілеттік берілген органы оны тарату туралы шешім қабылдаған, ал мүлкінің (активтерінің) құны кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуге;

2) егер бір кредитордың немесе бірнеше кредитордың талаптарын қанағаттандыру оның басқа кредиторлар алдындағы ақшалай міндеттемелерін толық көлемде орындаудың мүмкін болмауына әкелсе, өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуге;

3) әкімшіні тағайындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сотқа және әкімшіге қаржылық-шаруашылық қызмет туралы ақпаратты, оның ішінде борышкерде бар мүлік (активтер), оның ішінде кепіл ауыртпалығы салынған, мүліктік жалдауда (жалға алуда) және (немесе) лизингте тұрған мүлік туралы, банктік шоттарда жатқан ақша туралы,

шоттардың нөмірлері және банктердің орналасқан жері, дебиторлық берешек сомасы туралы мәліметтерді ұсынуға;

4) борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы сот шешімі шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Заңның 115-бабының 2-тармағында көзделген құжаттарды уәкілетті органға беруге;

5) оңалтуды басқарушыға ол тағайындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құрылтай құжаттарын, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, он бес жұмыс күні ішінде – есепке алу құжаттамасын, екі ай ішінде – материалдық және өзге де құндылықтарды беруге;

6) борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уақытша басқарушыға құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды беруге;

7) уақытша басқарушы тағайындалған күннен бастап қарау арқылы зерделеу үшін есепке алу құжаттамасына оның қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

8) бухгалтерлік құжаттаманың, бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік жүйелерінің толықтығы мен анықтығын қамтамасыз етуге;

9) оңалту жоспарын кредиторлар жиналысында қаралған күнінен кейінгі күннен кешіктірмей, оны танысу үшін уақытша әкімшіге ұсынуға;

10) құпия болып табылатын мәліметтерді қоспағанда, оңалту рәсімін жүргізу кезінде кез келген кредиторға оның жазбаша сұрау салуы негізінде сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өз қызметінің жүзеге асырылу барысы туралы ақпаратты ұсынуға;

11) сұрау салу негізінде сотқа, оңалтуды, уақытша немесе банкроттықты басқарушыға және кредиторлар комитетіне өзінің қаржылық жағдайы мен шаруашылық қызметі туралы ақпаратты, түсіндірмені ұсынуға;

12) әр айдың он бесінші күнінен кешіктірмей, оңалту рәсімін жүргізу кезеңіндегі қаржылық жағдай, алдыңғы айдағы кәдімгі коммерциялық операциялар барысында жүргізілген мәмілелер туралы ақпаратты кредиторлар комитетінің назарына жеткізуге;

13) осы Заңда көзделген жағдайларда кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс мәмілелерді уақытша басқарушымен немесе уақытша әкімшімен келісуге;

14) осы Заңда көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

3. Оңалту рәсімінде борышкердің мүлкі (активтері) мен істерін басқару құқығы борышкер мүлкінің меншік иесінде (ол уәкілеттік берген органда) құрылтайшыларда (қатысушыларда) қалған жағдайларда борышкердің органдарына осы Заңда оңалтуды басқарушы үшін көзделген, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзырет шегінде өкілеттіктер және жауаптылық қолданылады.

4. Осы баптың 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген талаптарды орындау міндеттеріне кіретін борышкердің лауазымды адамдары және (немесе) борышкерді бақылайтын тұлға борышкердің мүлкі (активтері) әкімшілік шығыстарды өтеуге және барлық кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде, банкроттық рәсімін өткізу нәтижелері бойынша осы баптың 2-тармағы 1), 2), 3), 4), 6) және 7) тармақшаларының ережелерін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ортақ субсидиарлық жауаптылықта болады.

5. Борышкердің құрылтайшысы (қатысушысы), борышкер мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), лауазымды адамдары және (немесе) борышкерді бақылайтын тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда аталған адамдар өздерінің іс-әрекеттері нәтижесінде келтірілген залалды өтей отырып, тиісті жауаптылыққа тартылады.";

10) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

"11-1-бап. Борышкерді бақылайтын тұлға

1. Борышкерді бақылайтын тұлға ретінде, борышкерді банкрот деп тану туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл ішінде оның әрекеттерін (әрекетсіздігін) айқындау, оның ішінде мәмілелер жасасу және олардың шарттарын айқындау мүмкіндігі бар немесе құқығы болған жеке тұлға саналады.

2. Бақылайтын тұлғаның борышкердің әрекеттерін (әрекетсіздігін) айқындау мүмкіндігі:

1) борышкердің құрылтайшысымен (қатысушымен) және (немесе) лауазымды тұлғасымен туыстық немесе жекжаттық қатынаста болу;

2) сенімхат не өзге арнайы өкілеттікке негізделген борышкер атынан борышкердің мүлкіне (активтеріне) қатысты әрекеттер (әрекетсіздік) жасасу өкілеттіктері;

3) осы Заңның 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген адамдардың, сондай-ақ лауазымды немесе борышкердің әрекеттерін (әрекетсіздігін) айқындау мүмкіндігін беретін өзге де лауазымдарға ие болу немесе орнын баса тұру;

4) пайда түсіру үшін борышкердің шешім қабылдауына өзге де түрде ықпал етуге байланысты белгіленуі мүмкін.";

11) 12-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңда белгіленген жағдайларда, оңалту рәсімін немесе банкроттық рәсімін жүргізу үшін оларды өткізу кезеңінде борышкердің барлық органдары басқарудан шеттетіледі және борышкердің мүлкі (активтері) мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер әкімшіге беріледі.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Біліктілік емтиханын ойдағыдай тапсырған және осы Заңда белгіленген тәртіппен уәкілетті органға қызметін бастағаны туралы хабарлама берген жеке тұлға әкімші болып тағайындалады.

Осы Заңның 78-бабының 2-тармағында және 118-1-бабында көзделген жағдайды қоспағанда, әкімшіге осы Заңмен жүктелген өкілеттіктер өзге адамдарға берілмейді.";

8-тармақта:

бірінші бөлікте:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) кредитордың немесе борышкердің мүдделеріне нұқсан келтіруге алып келген, фактісі заңды күшіне енген сот актісімен белгіленген осы Заң талаптары бірнеше мәрте (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) бұзылған;"

4) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қайтыс болған немесе сот қайтыс болды деп жариялаған не хабар ошарсыз кетті деп таныған;"

"6) экономикалық қызмет саласындағы құқық бұзушылықтар, сондай-ақ мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 6), 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылған;"

екінші бөлік алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдар хабарламаларының тізілімінен алып тастауды уәкілетті орган мынадай мерзімдерде:

1) осы баптың 8-тармағының 1) – 10) тармақшаларында көзделген жағдайларда, анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;

2) осы баптың 8-тармағының 11) тармақшасында көзделген жағдайда, анықталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.";

10-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) бірнеше (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі немесе одан да көп) мәрте профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтарды әкімшінің жоймағаны, сондай-ақ тексеру нәтижелері бойынша осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген талаптарды әкімшінің бұзғаны анықталған";

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) бірнеше (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш немесе одан да көп) мәрте әкімшіге осы Заңның 18-бабының 7-тармағында көзделген хабарландыру жіберілген жағдайларда өз өкілеттіктерін орындаудан шеттетіледі.";

13-тармақ алып тасталсын;

12) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Әкімшінің сыйақысы

1. Уақытша және банкроттықты басқарушылардың негізгі сыйақысы, осы Заңның 110-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, борышкердің мүлкінен төленеді, ұзарту мерзімін есепке алмағанда, банкроттық рәсімді өткізу кезеңінде тіркелген болып табылады.

Банкроттық рәсімді өткізу мерзімі ұзартылған кезде банкроттықты басқарушының негізгі сыйақысы банкроттық рәсімінің аяқталуына дейін кредиторлар жиналысы шешімінің негізінде белгіленген негізгі сыйақы мөлшерінің елу пайызынан аспауға тиіс.

Уақытша әкімшінің, уақытша және банкроттықты басқарушылардың негізгі сыйақысының ең төмен және ең жоғары шектерін, сондай-ақ осындай сыйақыны төлеу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Уақытша әкімшінің, уақытша және банкроттықты басқарушылардың негізгі сыйақысының уәкілетті орган белгілеген шегінде төлеуге жататын мөлшерін кредиторлар жиналысы айқындайды.

Оңалтуды басқарушының негізгі сыйақы мөлшері кредиторлар жиналысымен белгіленеді.

2. Банкроттықты басқарушыға қосымша сыйақы борышкердің мүлкінен:

1) қанағаттандырылған талаптардан бір пайыз мөлшерінде - кредиторлар талаптары тізіліміне енгізілген кредиторлар талаптарының жиырма бес пайызынан кем емес;

2) қанағаттандырылған талаптардан екі пайыз мөлшерінде - кредиторлар талаптары тізіліміне енгізілген кредиторлар талаптарының жиырма бес пайызынан елу пайызына дейін;

3) қанағаттандырылған талаптардан үш пайыз мөлшерінде - кредиторлар талаптары тізіліміне енгізілген кредиторлар талаптарының елу пайызынан жетпіс бес пайызына дейін;

4) қанағаттандырылған талаптардан төрт пайыз мөлшерінде – кредиторлар талаптары тізіліміне енгізілген кредиторлар талаптарының жетпіс бес пайызынан жоғары қанағаттандырылған жағдайларда төленуге жатады.

Осы тармақтың мақсаттары үшін кредиторлар тізіліміне енгізілген кредиторлар талаптары ретінде, егер осы тармақтың үшінші бөлігінде өзгеше белгіленсе, тізілімнің екінші, үшінші, төртінші және бесінші кезектеріне жатқызылған талаптар түсініледі.

Банкроттықты басқарушының қосымша сыйақысын есептеген кезде осы Заңның 104-бабының 3-тармағына сәйкес қанағаттандырылған кепілді кредиторлар талаптары мөлшері есепке алынбайды.

Банкроттықты басқарушыға қосымша сыйақы бірінші кезектегі кредиторлар талаптары толық көлемде қанағаттандырылған жағдайда төленуге жатады.

3. Банкроттықты басқарушы қосымша сыйақы сомасын есепке қосу үшін борышкердің арнайы банк шотын ашуға міндетті.

Арнайы банк шотына түсетін ақша банкроттықты басқарушы қызметін атқаратын жеке тұлғаның, заңды күшіне енген қорытынды есепті бекіту және банкроттық рәсімін аяқтау туралы сот ұйғарымы негізінде алуына жатады.

Арнайы шот, осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген ақша алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде банкроттықты басқарушы қызметін атқарған жеке тұлғаның өтініші негізінде жабылады.

4. Оңалтуды басқарушының қосымша сыйақысы кредиторлар жиналысы айқындаған мөлшерде оңалту рәсімі мақсатына жеткен жағдайда төленеді.

5. Кредитор, өзінің талаптарын қанағаттандыруға жұмсалған қаражат есебінен банкроттықты басқарушыға сыйлықақы төлеуге құқылы. Сыйлықақы мөлшері мен оны төлеу тәртібін кредитордың өздігінен айқындайды.";

13) 15-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1), 1-2) және 1-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) әкімшілердің рейтингісін қалыптастыру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

1-2) әкімшілердің рейтингісін қалыптастыруды жүзеге асырады;

1-3) уәкілетті органның интернет-ресурсында әкімшілер рейтингісінің нәтижелерін жариялайды;"

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) оңалтуды басқарушының – оңалту рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы, уақытша басқарушының және банкроттықты басқарушының – банкроттық рәсімінің жүргізілу барысы туралы ағымдағы ақпаратын қарайды;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) кредиторларға мүліктік залал келтіру белгілерін анықтайды;"

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) кредиторларға мүліктік залал келтірудің анықталған белгілері бойынша, сондай-ақ оңалту рәсімі мен банкроттық рәсімін жүргізу кезіндегі заңсыз іс-қимылдар бойынша материалдарды Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жауаптылыққа кінәлі адамдарды тарту үшін құқық қорғау органдарына жібереді;"

11) және 13) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"11) әкімшінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымдарды қарайды;"

"13) әкімшілерді есепке алу, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау және шеттету тәртібін айқындайды;"

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) оңалту жоспарының үлгілік нысанын бекітеді;"

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) мемлекеттік органдардан, заңды тұлғалардан және олардың лауазымды адамдарынан оңалту немесе банкроттық рәсімі қолданылған борышкерлер туралы ақпаратты сұратады және алады;"

21) және 23) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"21) өз құзыреті шегінде берешекті қайта құрылымдау, оңалту, банкроттық рәсімдерін және банкроттық рәсімін қозғамай таратуды енгізу, жүргізу және тоқтату жөнінде түсініктеме беру мен түсіндіруді жүзеге асырады және береді;"

"23) уәкілетті органның интернет-ресурсында оларды банкрот деп тану не оңалту рәсімін қолдану не банкроттық рәсімін қозғаусыз тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген борышкерлердің (заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер) тізімін жариялайды;"

14) 17 және 18-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау

1. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

18-бап. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау

1. Әкімші қызметін бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау мақсаты бұзушылықтың, уақтылы алдын алу, жол бермеу және уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтарды бақылау субъектісінің өз бетінше жою құқығын беру болып табылады.

Бақылау субъектісінің бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру үшін оған бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес салдарын жоюға болатын бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі.

2. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау жүргізу тәсілі уәкілетті орган алған:

1) оңалту рәсімінің немесе банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ағымдағы және сұрау салынған ақпарат.

Мұндай ақпаратты беру нысанын, тәртібін және мерзімдерін уәкілетті орган белгілейді;

2) уәкілетті мемлекетті органдардан, сондай-ақ әкімші және борышкер қызметі бойынша өзге де түрлі көздерден алынған мәліметтерге жататын деректер мен ақпаратты өзара салыстыру болып табылды.

Атына уәкілетті органның сұрау салуы келіп түскен мемлекеттік орган, жеке және заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда және тәртіппен кез келген құпия ақпаратты (банктік, салықтық, коммерциялық құпия) ашуға және борышкерге және әкімші жүзеге асыратын оңалту немесе банкроттық рәсіміне қатысты құпия ақпаратты қамтитын кез келген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

Уәкілетті органның сұрау салуын орындау мерзімі орындаудың неғұрлым ұзақ мерзімі сұрау салудың өзінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сұрау салу келіп түскен күннен бастап он жұмыс күнін құрайды.

3. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған кезде бұзушылық анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмеген мерзімде уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша хабарландыру жіберіледі.

Хабарлама бақылау субъектісіне қолын қойдыра отырып жеке өзіне немесе жөнелту мен алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде тізбеленген тәсілдердің бірі арқылы жіберілген хабарлама мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – алғаны туралы хабарламада белгі қойған күннен бастап;

2) пошта арқылы – тапсырыс хатпен пошта жөнелтілімін алғаны туралы хабарланған күннен бастап;

3) электрондық тәсілмен – әкімшіні уәкілетті органда тіркеу (қайта тіркеу) кезінде әкімшінің өтініште көрсетілген электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелткен күннен бастап табыс етілген болып есептеледі.

4. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама, оны табыс еткен күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

5. Хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген кезде бақылау субъектісі хабарламаны жіберген уәкілетті органға хабарлама табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

6. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындау бақылау субъектісіне бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу арқылы бақылау субъектісіне бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындауға әкеп соғады.

7. Уәкілетті орган жою мүмкін емес бұзушылықтарды анықтаған жағдайда әкімшіге бұзушылық анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, уәкілетті орган белгілеген нысанда хабарлама жіберіледі.

8. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау тоқсан сайын жүргізіледі.";

15) 19, 20 және 21-баптар алып тасталсын;

16) 22 және 23-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Кредиторлардың оңалту рәсіміне және банкроттық рәсімге қатысуы

1. Оңалту рәсімі және банкроттық рәсім барысында барлық кредиторлардың мүдделерін осы Заңға сәйкес құрылатын кредиторлар жиналысы білдіреді.

2. Оңалту немесе банкроттық туралы істі қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап кредиторлар осы Заңда белгіленген тәртіппен ғана өздерінің талаптарын қанағаттандыру мақсатында борышкерге және (немесе) әкімшіге жүгінуге құқылы.

3. Кредитор оңалту рәсімін немесе банкроттық рәсімін жүргізу барысында соттың шешіміне, әкімшінің әрекетіне, егер осы шешімдер немесе әрекеттер оның заңды мүдделеріне нұқсан келтірсе, шағым жасауға құқылы.

23-бап. Кредиторлар жиналысы

1. Оңалту рәсімі және банкроттық рәсімі кезінде кредиторлар жиналысына қатысу құқығы кредиторлар жиналысын өткізу күніне кредиторлар талаптарының тізіліміне талаптары енгізілген кредиторларға тиесілі.

Кредиторлар жиналысына борышкер мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшылар (қатысушылар) және уәкілетті органның өкілдері қатысуға құқылы.

3. Кредиторлар жиналысының өкілеттіктері осы Заңның 75 және 93-баптарында көзделген.";

17) 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кредиторлар жиналысын ұйымдастыру және өткізу осы тармақта өзгеше көзделмесе әкімші жүзеге асырады.

Оңалтуды басқарушыны немесе банкроттықты басқарушыны шеттету мәселесін қарастыру кезінде кредиторлар жиналысын ұйымдастыру және өткізуді кредиторлар комитеті жүзеге асырады.";

18) 25-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кредиторды осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген тәсілмен хабардар етуге мүмкіндік болмаған жағдайда кредиторлар жиналысының өткізілетіні туралы мәліметтерді осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында белгіленген тәртіппен жариялау мұндай кредиторларды тиісінше хабардар ету деп танылады.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Күн тәртібінде қарастыруға ұсынылатын мәселелер тікелей кредиторлар жиналысының құзыретіне кіретін мәселелерді қамтуы қажет. Күн тәртібін қалыптастыру барысында кеңінен талқыланатын тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.";

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер кредитор сырттай дауыс беретін болса, ол бұл туралы оңалтуды немесе банкроттықты басқарушыға жиналыс өткізілгенге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға тиіс.";

19) 26-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кредиторлар жиналысы сырттай дауыс беретіндерді қоса алғанда, оған кредиторлар жиналысы шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы бар кредиторлар даусының жалпы санының елу пайызынан астамын құрайтын дауыс санына ие кредиторлар қатысқан жағдайда, құқықты болып табылады. Қайта шақырылған кредиторлар жиналысы, кредиторлар жиналысының өткізілетін уақыты мен орны туралы кредиторлар тиісті түрде хабардар етілген жағдайда, оған кредиторлар жиналысы шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы бар кредиторлар даусының жалпы санының кемінде жиырма бес пайызын құрайтын дауыс санына ие кредиторлар қатысқан кезде құқықты болып табылады.";

3-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімші, ал кредиторлар жиналысын кредиторлар комитеті өткізетін жағдайларда – кредиторлар комитеті төрағасы, кредиторлардың шешімдер қабылдауы үшін әрбір кредитордың дауыс санын "талаптардың бір теңгесі – бір дауыс" қағидаты бойынша айқындайды.";

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бесінші бөлігінің күші қорытынды есепті келісу мәселесін қарастыру жағдайында кредиторлар жиналысының құқықтылығын анықтау мен шешім қабылдау кезінде қолданылмайды.";

4-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Заңның 72-бабының 3-тармағына, 90-бабының 5-тармағына, 104-баптың 1-тармағының екінші бөлігіне сәйкес дауыс беру құқығынан айырылған кредиторлардың";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Әкімші, ал кредиторлар жиналысын кредиторлар комитеті өткізетін жағдайларда – кредиторлар комитетінің төрағасы, кредиторлар жиналысы ашылғанға дейін жиналысқа қатысушыларды тіркеуді жүргізеді.

Кредиторлар жиналысының шешімдері хаттамамен ресімделеді.

Кредиторлар жиналысының отырысын қатысып отырған, дауыс беруге құқығы бар, кредиторлар арасынан сайланған төрағалық етуші жүргізеді. Хаттаманы қатысып отырған, дауыс беруге құқығы бар кредиторлар арасынан сайланатын хатшы жүргізеді. Төраға мен хатшы қатысып отырған кредиторлар арасынан қарапайым көпшілік дауыспен сайланады. Хаттамаға төрағалық етуші, әкімші, хатшы жиналыс өткізілген күні қол қояды және ол борышкердің мөрімен (ол болған кезде) куәландырылады.

Кредиторлар жиналысын кредиторлар комитеті өткізетін кезде кредиторлар жиналысы хаттамасына әкімшінің қол қою талап етілмейді.

Кредиторлар жиналысының хаттамасы үш данада жасалады, олардың біреуі – оған қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға, екіншісі кредиторлар комитетіне беріледі, үшіншісі әкімшіде қалады.

Кредиторлар жиналысының хаттамасына:

жиналысқа қатысушыларды тіркеу ведомосының;

жиналысқа қатысушыларға танысу және (немесе) бекіту үшін ұсынылған атериалдардың;

кредиторлар жиналысының өткізілетін күні мен орны туралы кредиторлардың тиісінше хабардар етілгенін куәландыратын құжаттардың;

әкімшінің ұйғаруы бойынша өзге де құжаттардың көшірмелері қоса берілуге тиіс.";

20) 27 және 28-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Кредиторлар комитеті

1. Кредиторлар комитеті оңалту рәсімі және банкроттық рәсім кезінде осы Заңда белгіленген тәртіппен құрылады.

Осы Заңның 27-бабының 2-тармағының бірінші бөлігінде көзделген кредиторлар комитетіндегі мүшелердің ең аз саны туралы талаптарды сақтауға мүмкіндік болмаған кезде, кредиторлар комитеті құзыретін кредиторлар жиналысы жүзеге асырады.

2. Кредиторлар комитетінің құрамын кредиторлар жиналысы қалыптастырады және бекітеді. Кредиторлар комитетіндегі мүшелердің ең аз саны үш адамнан кем болмайды.

Кредиторлар комитетінің құрамына, егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, біртекті кредиторлардың әрбір тобынан бір кредитор кіреді.

Борышкерге ұқсас талаптары бар басқа кредиторлар жоқ болу себебіне байланысты біртетікті кредиторлар тобына кірмеген кредитор, кредиторлар комитеті құрамына кіруі мүмкін.

Кредиторлар комитетінің мүшесі үлестес тұлға немесе кредиторлар жиналысында дауыс құқығынан айырылған тұлға болмауға тиіс.

3. Қалыптастырылған және бекітілген кредиторлар комитетінің құрамына өзгерістер енгізудің негіздері:

1) кредиторлар комитетінің құрамына кіретін кредиторлар алдындағы міндеттемелерді орындау;

2) кредиторға кредиторлар комитетінің құрамында болуға кедергі болатын мән-жайлар (заңды күшіне енген сот актілері, кредитордың таратылуы не қайтыс болуы және басқалар);

3) үлестес тұлғалардың анықталуы;

4) кредиторлар комитеті мүшесінің, осы Заңның 26-бабының 4-тармағының төртінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген кредиторлар комитетінің отырыстарына дәлелсіз себеппен екі реттен артық қатыспауы болып табылады.

4. Кредиторлар комитетінің отырысын өткізу туралы хабарламаны әкімші отырыс өткізілетін күнге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей, пошта арқылы тапсырыс хатпен жібереді.

Осы баптың 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайда кредиторлар комитеті өкілеттіктерін кредиторлар жиналысы жүзеге асырған кезде кредиторлар

жиналысы отырысын өткізу туралы хабарлама, осы бапта көзделген тәртіппен жіберіледі.

5. Кредиторлар комитетінің өкілеттіктері осы Заңның 76 және 94-баптарында көзделген.

28-бап. Кредиторлар комитетінің шешімдер қабылдауы

1. Кредиторлар комитетінің отырысы комитет мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды болып табылады.

2. Кредиторлар комитетінің шешімі "комитеттің бір мүшесі – бір дауыс" қағидаты бойынша кредиторлар комитеті мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыс беру рәсімінде дауыстар тең болған кезде кредиторлар комитетінің төрағасына шешуші дауыс құқығы беріледі.

3. Кредиторлар комитетінің отырысы хаттамамен ресімделеді.

Хаттамада отырыстың өткізілген күні мен орны, дауыс беруге қатысқан кредиторлар комитетінің мүшелері, күн тәртібі, дауыс беру нәтижелері мен қабылданған шешімдер туралы мәліметтер қамтылуға тиіс. Хаттамаға дауыс беруге қатысқан кредиторлар комитетінің барлық мүшелері мен әкімші қол қояды және ол борышкердің мөрімен (ол болған кезде) куәландырылады.

Әкімші хаттамаға қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны уәкілетті органға, кредиторлар комитетінің мүшелеріне жібереді. Хаттаманың бір данасы әкімшіде болады.

4. Кредиторлардың, борышкер мүлкінің меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), құрылтайшылардың (қатысушылардың) кредиторлар комитетінің отырысына қатысуға құқығы бар.

5. Осы Заңның 27-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайда кредиторлар комитеті өкілеттіктерін кредиторлар жиналысы жүзеге асырған кезде кредиторлар жиналысы шешімдері осы бапта көзделген тәртіпте қабылданады.";

21) 28-1-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, борышкер осы Заңның 5-бабы 4-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында белгіленген бір немесе одан да көп шарттар басталған кезде, оңалту немесе банкроттық туралы іс сотта қозғалмаған жағдайда өзінің берешегін қайта құрылымдау туралы шешім қабылдауға құқылы.";

2-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Борышкер осы Заңның 5-тармағының 4-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін көлемде және пайда болу мерзімінде берешектің бар болуын куәландыратын құжаттарды қоса бере отырып, берешекті қайта құрылымдау туралы өтінішпен сотқа жүгінеді.";

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекітуден бас тарту туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген;"

3-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сот борышкердің берешекті қайта құрылымдау туралы өтінішін қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мына шешімдердің бірін шығарады:";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заңның 5-бабының 4-тармағында белгіленген жағдайлардың бірі немесе бірнешеуі борышкерде болмауы соттың берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолданудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.";

22) 28-3-бапта:

2-1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Салықтық берешек, сондай-ақ кедендік төлемдер, арнайы, демпингке қарсы баждар, өтемақы баждары, пайыздар бойынша берешек осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары сақталған кезде, борышкердің және (немесе) үшінші тұлғаның және (немесе) банктің кепілдігімен өтеледі.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Берешекті қайта құрылымдау туралы келісім жазбаша нысанда қазақ және орыс тілдерінде жасалады және оған борышкердің, борышкер мүлкінің меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), құрылтайшысының (қатысушысының) не ол уәкілеттігін берген тұлғаның және әрбір кредитордың қолдары қойылады.

Кредитор келісімнің шарттарымен келіспеген кезде мұндай келісімнің жасалуы мүмкін емес.

Келісім жасаспаған кезде берешекті қайта құрылымдау рәсімі аяқталған болып саналады және борышкерге қатысты рәсімді қолдану салдары:

1) осы Заңның 28-2-бабының 1) тармақшасы бойынша – сот берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы шешімі қабылданған күннен бастап;

2) осы Заңның 28-2-бабының 2) және 3) тармақшаларында – осы Заңның 28-3-бабының 1-тармағында белгіленген берешекті қайта құрылымдау туралы келісім жасасу мерзімі біткен күннен бастап тоқтатылады.";

23) 28-4-баптың 2, 6 және 7-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекіту туралы өтінішке борышкер:

1) борышкер, мүліктің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), борышкердің құрылтайшысы (қатысушысы) не ол уәкілеттік берген тұлға және кредитор (кредиторлар) қол қойған берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді;

2) олардың тұратын жерін немесе орналасқан жерін, сондай-ақ берешек сомаларын көрсете отырып, барлық кредиторлардың тізімін қоса береді.";

"6. Сот келісімді бекітуден бас тартқан жағдайда борышкердің берешегін қайта құрылымдау рәсімі аяқталған болып саналады және борышкерге қатысты рәсімді қолдану салдары:

- 1) осы Заңның 28-2-бабының 1) тармақшасы бойынша – берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді қолдану туралы сот шешімі қабылданған күннен бастап;
- 2) осы Заңның 28-2-бабының 2 және 3) тармақшалары бойынша – төлем кабілетсіздігін реттеу туралы келісімді бекітуден бас тарту туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап тоқтатылады.

7. Кредитор (кредиторлар) мынадай:

- 1) борышкер мұндай келісімнің шарттарын бұзған;
- 2) осы Заңның 28-3-бабының 1-тармағында белгіленген мерзімде берешекті қайта құрылымдау туралы келісім жасамаған;
- 3) сот берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарған жағдайларда берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бұзу туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқылы;

Келісім бұзылған жағдайда берешекті қайта құрылымдау рәсімі аяқталған болып саналады, ал осы Заңның 28-5-бабына сәйкес басталатын салдарлардың күші берешекті қайта құрылымдау туралы келісім бұзылған күннен бастап тоқтатылады.";

24) 3-тарау алып тасталсын;

25) 38-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"38-бап. Оңалту және банкроттық туралы іс қозғау тәртібі

1. Сотта оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу осы Заңның 5-бабында көзделген негіздер болған кезде, борышкердің немесе салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредиторды қоспағанда, кредитордың (кредиторлардың) өтініші негізінде қозғалады.

Борышкердің банкроттық туралы істі қозғау туралы сот ұйғарымының көшірмесін алған күннен бастап жеті жұмыс күннен аспайтын мерзімде оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішті сотқа жіберуге де құқығы бар.

2. Сотта банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу осы Заңның 5-бабында көзделген жағдайда борышкердің, кредитордың (кредиторлардың), осы Заңның 47-бабында көзделген негіздер болған кезде прокурордың, осы Заңның 82-бабында көзделген жағдайда оңалтуды басқарушының өтініші негізінде қозғалады.

3. Бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге қатысты мемлекеттік кіріс органы және өзге де уәкілетті мемлекеттік орган, сондай-ақ азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелер бойынша кредиторлар - жеке және заңды тұлғалар борышкерді банкрот деп тану туралы кредитордың өтінішін сотқа беру құқығына ие болады.

4. Сот оңалту рәсімін қолдану туралы немесе борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішті іс жүргізуге қабылдау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап оңалту немесе банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалды деп есептеледі.

5. Борышкер, оңалтуды басқарушы берген банкрот деп тану туралы өтініш соттың тиісті шешімінсіз қайтарып алынбайды. Осы Заңның 82-бабында көзделген негіздер бойынша өтініш берілген жағдайларды қоспағанда, кредитордың (кредиторлардың), прокурордың өтініштерін олар борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін қайтарып алуы мүмкін";

26) 39-бапта:

5) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) борышкер мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган);";

"7) әкімші оңалту немесе банкроттық туралы іске қатысушы тұлғалар бола алады.";

8) тармақша алып тасталсын;

27) 40-бапта:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Борышкер оңалту рәсімін қолдану немесе шешім негізінде өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінеді.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Борышкер осы Заңның 11-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында белгіленген жағдайларда өзін банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуге міндетті.";

28) 41-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Борышкердің өтініші сотқа жазбаша нысанда немесе электрондық құжат нысанында беріледі. Оған борышкер – заңды тұлғаның басшысы не құрылтай құжаттарына сәйкес оны ауыстыратын адам не борышкер – дара кәсіпкер қол қояды.";

2-тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) қызметінің табиғи монополия саласына қатысы туралы ақпаратты";

29) 42-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы Заңның 4-бабының 5-тармағының екінші бөлігінде белгіленген дәрменсіздік белгілерінің бар болуы";

2-тармақтың 3), 5) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) еңбекке ақы төлеу бойынша кредиторлардың (осындай кредиторлар бар болған кезде) банкроттық туралы іске қатысу үшін олардың өкілі жасырын дауыс беру арқылы сайланған жиналысының (конференциясының) хаттамасы";

"5) егер борышкер табиғи монополия субъектісі болып табылса, табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның борышкердің өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуі туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап жеті жұмыс күннен аспайтын мерзімде ұсынатын қорытындысы";

"7) соттар іс жүргізуге қабылдаған, борышкерге қатысты қуынымдар туралы, сот бұйрығын шығару туралы өтініштер, сондай-ақ даусыз (акцептісіз) есептен шығаруға қойылған талаптар туралы мәліметтер қоса беріледі.";

4-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) борышкердің осы Заңның 5-бабы 4-тармағына сәйкес көлемде және мерзімде пайда болған берешегінің бар болуы оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішпен жүгінуіне негіз болып табылады;"

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) осы Заңның 4-бабының 5-тармағының екінші бөлігінде белгіленген дәрменсіздік белгісінің жоқ болуы;"

5-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өтініш беру күніне қаржылық есептілік, тиісті берешектің сомалары мен құралған күнін көрсете отырып, барлық кредиторлар мен дебиторлардың тізбесі (жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде және (немесе) толық атауы, заңды мекенжайы));"

30) 43-бап алып тасталсын:

31) 44-баптың 2-тармағының 9) тармақшасы және 4-тармағы алып тасталсын;

32) 45-бапта:

1-тармақта:

5) тармақша алып тасталсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) кредитордың өтініші негізделетін өзге де мән-жайларды (бар болған кезде) растайтын құжаттар қоса беріледі.";

2-тармақ алып тасталсын;

33) мынадай мазмұндағы 45-1-баппен толықтырылсын:

"45-1-бап. Борышкер немесе кредитор (кредиторлар) өтінішінің қараусыз қайтарылуы

1. Борышкердің оңалту рәсімін қолдану немесе банкрот деп тану туралы, осы Заңның 41 және 42-баптарында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін өтінішпен сотқа жүгінуі өтініштің қараусыз қайтарылуына негіз болып табылады.

2. Борышкер үшін банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгіну осы Заңға сәйкес міндетті болса және қажетті құжаттар өтінішке қоса берілмеген жағдайларда, мұндай өтінішті сот іс жүргізуге қабылдайды, ал жетпейтін құжаттарды сот талқылауына істі дайындау тәртібімен сот сұратып алады.

3. Кредитордың (кредиторлардың) 44-баптың 2 және 3 тармақтарында көзделген талаптарға сай келмейтін, сондай-ақ қажетті құжаттар қоса тіркелмей берген өтінішін сот қараусыз қайтарады.";

34) 47-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ол кредиторлардың мүлiктiк залал келтiру белгiлерiн анықтағанда;"

35) 48-бапта:

1-тармақтың бiрiншi бөлiгi мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңда белгiленген талаптарға сәйкес келетiн, оналту рәсiмiн қолдану немесе борышкердi банкрот деп тану туралы өтiнiштi ала отырып, сот өтiнiш келiп түскеннен кейiн бес жұмыс күнiнен кешiктiрмей, ал осы Заңның 53-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда, банкроттық туралы iс бойынша iс жүргiзудi тоқтату туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап үш жұмыс күнiнен кешiктiрмей iс қозғау туралы ұйғарым шығарады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сот банкроттық туралы iс қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап екi жұмыс күнi iшiнде уәкiлеттi органның интернет-ресурсында ұйғарымды шығару күнiне олар туралы мәлiметтер орналастырылған, хабарламалары әкiмшi қызметiн жүзеге асыруға құқығы бар адамдардың хабарламаларының тiзiлiмiне енгiзiлген тұлғалар қатарынан уақытша басқарушыны тағайындау туралы ұйғарым шығарады.

Уақытша басқарушының кандидатурасын таңдауды әкiмшiлердiң рейтингiсiнде көрсетiлген оның жұмыс нәтижелерiн ескере отырып, сот жүзеге асырады.

Тұрғын үйлердiң (тұрғын ғимараттардың) тұрғын үй құрылысына үлестiк қатысуды ұйымдастыру жөнiндегi қызметтi жүзеге асыратын борышкердi оның банкроттығы туралы iс бойынша iс жүргiзудi қозғаған кезде сот "Тұрғын үй құрылысына үлестiк қатысу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 4-тармағында көзделген жағдайда, Тұрғын үй құрылысына кепiлдiк беру қоры ұсынған кандидатураны уақытша басқарушы етiп тағайындайды.";

5-тармақтың екiншi бөлiгi мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот осы Заңда белгiленген тәртiппен уақытша басқарушыны шеттеткен күннен кейiнгi бiр жұмыс күнi iшiнде басқа уақытша басқарушыны тағайындайды.";

36) 49-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"49-бап. Уақытша басқарушының қорытындысы

Осы Заңның 48-бабы 4-тармағының екiншi бөлiгiнде белгiленген жағдайда уақытша басқарушы борышкердiң қаржылық жағдайы туралы мәлiметтердi жинауды жүзеге асыру нәтижелерi бойынша мынадай қорытындылардың бiрiн:

1) борышкерде дәрменсiздiк белгiлерi жоқ, борышкердi банкрот деп тану туралы кредитордың талаптары негiзсiз болып табылатыны;

2) борышкерде дәрменсiздiк белгiлерi және оны банкрот деп тану үшiн негiздер бар екенi;

3) борышкерде дәрменсiздiк белгiлерi болмаса да, оналту рәсiмдерiн қолдану үшiн негiздер бар екенi;

5) борышкердiң өтiнiш берушiден басқа өзге кредиторларының жоқ екенi;

б) борышкер уақытша басқарушыға есепке алу құжаттамасына рұқсат бермегені, бұл қорытынды жасауға кедергі болатыны туралы тұжырымдарды қамтитын талдамалық сипаттағы қорытынды жасайды.

Осы тармақтың 5) және 6) тармақшаларында көзделген қорытындыны негіздер болған кезде уақытша басқарушы өзі тағайындалған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жасайды.";

37) 50-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзац, 1) және 2) тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Оңалту немесе банкроттық туралы іс бойынша іс қозғалғаны туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап:

1) борышкер мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға), құрылтайшыларға (қатысушыларға), заңды тұлғаның барлық органдарына мүлікті (активтерді) кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс, егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, пайдалануға және өткізуге тыйым салынады.

Банкроттық туралы істі қарау кезеңіне мүлікті (активтерді) кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс пайдалану және өткізу, оларды уақытша басқарушымен келісілген жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін;

2) моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды есептемегенде, өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер жауапты болатын азаматтарға төленетін төлемдерді қоспағанда, борышкер мүлкіне (активтеріне) қатысты бұрын қабылдаған соттардың шешімдерін, төреліктің шешімдерін, мемлекеттік кіріс органдарының, сондай-ақ меншік иелерінің, олар уәкілеттік берген органдардың (құрылтайшылардың, қатысушылардың) немесе борышкер органдарының шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;"

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"2-1) борышкер берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбы (өсімпұлдар, айыппұлдар) бойынша сыйақыларды есепке жазу тоқтатылады;"

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сот Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің орналасқан жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында, оның ішінде соттың интернет-ресурсында оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалғандығы туралы хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жариялауға міндетті.";

38) 51-баптың 2) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) борышкерге оның мүлкінің (активтерінің) азаюына әкеп соқтыруы не кредиторлардың мүдделеріне өзгеше түрде нұқсан келтіруі мүмкін іс-әрекеттер жасауға тыйым салуға;"

"4) істі қарау кезеңінде борышкердің мүлкін (активтерін) сақтауға бағытталған өзге де іс-әрекеттерді қолдануға құқылы.";

39) 53-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бұрын тоқтатыла тұрған банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді сот осы Заңның 5 9-бабы 6-тармағының 1) тармақшасында және 82-бабының 2, 3, 4 және 6-тармақтарында көзделген негіздер бойынша оңалту рәсімін қолданудан бас тартылған немесе ол тоқтатылған жағдайда қайта бастайды.";

40) 54-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"54-бап. Сот талқылауы

1. Алдын ала дайындау аяқталғаннан кейін оңалту немесе банкроттық туралы іс сот талқылауына тағайындалуға тиіс, бұл туралы сот ұйғарым шығарады.

Борышкердің өтініші бойынша қозғалған оңалту немесе банкроттық туралы іс қозғалған күннен бір айдан аспайтын мерзімде сот отырысында қаралуға тиіс.

Кредитордың немесе прокурордың өтініші бойынша қозғалған оңалту немесе банкроттық туралы іс ол қозғалған күннен бастап екі айдан аспайтын мерзімде сот отырысында қаралуға тиіс.

2. Борышкерді банкрот деп тану туралы өтініш берген кредитор сот отырысына келмеген жағдайда, сот өтінішті қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарады.

Борышкер болмаған жағдайларды қоспағанда, борышкер сот отырысына келмеген жағдайда, сот оны мәжбүрлеп келтіру туралы ұйғарым шығарады.";

41) 55-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

42) 56-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"56-бап. Борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешім

1. Кредитордың немесе прокурордың өтініші бойынша борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып оны тарату туралы шешімді борышкерде дәрменсіздік белгілерінің бар екендігі туралы уақытша басқарушының қорытындысын ескере отырып, сондай-ақ уақытша басқарушыға есепке алу құжаттамасына рұқсат берілмеген, бұл қорытынды жасауға кедергі болған жағдайда, сот шығарады.

2. Борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып оны тарату туралы шешім борышкердің өтініші негізінде, сот оның дәрменсіздігі фактісін анықтаған жағдайда шығарылады.

3. Соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешімінде:

1) банкроттық рәсімін қозғай отырып, борышкерді тарату туралы;

2) борышкердің мүлкі мен істерін басқару құқығының уақытша басқарушыға өтуі туралы;

3) шешім шығарылғанға дейін сотқа жүгінген кредиторлардың мәлімделген талаптарының сомасы туралы;

4) борышкердің лауазымды адамдарының борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, мүлікке құқық белгілейтін құжаттарын, мөрлерін (олар болған кезде), мөртабандарын, банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды уақытша басқарушыға беру туралы;

5) банкрот мүлкіне салынған барлық шектеулер мен ауыртпалықтарды (банкрот шоттарына қойылған инкассолық өкімдерді, мүлікке (активтеріне) тыйым салуды және басқаларын) оларды тағайындаған органдардың тиісті шешімдері қабылданбастан, әкімшінің өтініші негізінде алу туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс.

4. Уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін уақытша басқарушы борышкерді банкрот деп таныған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органға борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы қазақ және орыс тілдерінде хабарландыруды жібереді.

Уәкілетті орган хабарландыруды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

Борышкерді банкрот деп тану туралы жарияланымда:

1) борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарған соттың атауы;

2) банкрот – дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері немесе банкрот – заңды тұлғаның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі және орналасқан жері;

3) банкротты сәйкестендіретін мәліметтер (дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы) қамтылуға тиіс.";

43) 57-бап алып тасталсын;

44) 58-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтініш беруші:

салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор;

борышкерде мүлік (активтер) болмауына және сот орындаушысы мүлікті немесе кірісті анықтау бойынша қабылдаған шаралар нәтиже бермеуіне байланысты борышкерден берешек сомасын өндіру туралы атқарушылық құжат "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қайтарылған кредитор болып табылған жағдайларда осы тармақша қолданылмайды.";

45) 59-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңның 5-бабының 4-тармағында белгіленген дәрменсіздік белгілері болмаған кезде, сот талқылауы барысында осы Заңның 4-бабы 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген шарттардың бірі немесе бірнешеуі болғаны анықталған жағдайда, сот оңалту рәсімін қолдану туралы сот шешімін шығарады.";

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) борышкердің, оңалту рәсімін қолдану туралы шешім заңды күшіне енген күннен бастап үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде кредиторлар жиналысында келісілген, борышкерді оңалту жоспарын ұсынуы;"

3-тармақтың екінші және бесінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Уақытша әкімшінің кандидатурасын таңдауды әкімшілердің рейтингінде көрсетілген оның жұмыс нәтижелерін ескере отырып, сот жүзеге асырады.";

"Сот осы Заңда белгіленген тәртіппен уақытша әкімші шеттетілген күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде басқа уақытша әкімшіні тағайындайды.";

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уақытша әкімшінің оңалту рәсімін қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап екі айдан аспайтын мерзімде кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыруы және интернет-ресурста жариялау үшін оны уәкілетті органға ұсынуы туралы нұсқау қамтылуға тиіс.";

5-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) уақытша әкімшіні тағайындау туралы мәліметтер;"

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Егер:

1) борышкер сот талқылауы барысында осы Заңның 5-бабының 4-тармағында көзделген шарттардың бірі немесе бірнешеуі бар болған, сондай-ақ осы Заңның 4-бабы 5-тармағының екінші бөлігінде белгіленген дәрменсіздік белгілерінің болмағанын дәлелдемесе;

2) оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім немесе оңалту рәсімін тоқтату туралы ұйғарым заңды күшіне енген күннен бастап алты ай өтпесе, сот оңалту рәсімін қолданудан бас тартады.";

46) 59-1-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мүліктің меншік иесінің, ол уәкілеттік берген органның немесе борышкердің мүлкі (активтері) мен істерін басқару жөніндегі құрылтайшының (қатысушының) құқығын қалпына келтіру не уәкілетті органға шешімнің заңды күшіне енген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде кандидатурасын кредиторлар жиналысы ұсынған оңалтуды басқарушыны тағайындауды тапсыру;"

47) 60-бап алып тасталсын;

48) 61-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Салықтар және кедендік төлемдер жөніндегі кредитордың өтініші бойынша банкроттық туралы іс қозғауға және банкроттық рәсімді жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстар соттың қорытынды есепті бекіту және банкроттық рәсімді аяқтау туралы ұйғарымы негізінде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен осындай кредитор есебінен өтеледі.";

49) 63-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"63-бап. Оңалту рәсімін қолдану

Оңалту рәсімі сот тәртібімен борышкерлерге қатысты қолданылады.";

50) 64-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар субъектілері, қала құраушы заңды тұлғалар болып табылатын не Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдар үшін сот оңалту рәсімінің мерзімін екі жылға дейін ұзартуға құқылы.";

51) 65-бап алып тасталсын;

52) 66-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) борышкер заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), оның құрылтайшылары (қатысушылары);";

53) 67-баптың 1) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) оңалту рәсімін қолданады және тоқтатады";

"6) кредиторлар жиналысы шешімінің негізінде борышкердің мүлкі (активтері) мен істерін басқару құқығын борышкер-заңды тұлға мүлкінің меншік иесінде (ол уәкілеттік берген органда), оның құрылтайшыларында (қатысушыларында), дара кәсіпкерде сақтап қалады немесе уәкілетті органға оңалтуды басқарушыны тағайындауды тапсырады";

54) 68 және 69-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"68-бап. Оңалту рәсімін қолданудың салдары

1. Оңалту рәсімін қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап мынадай салдар басталады:

1) мүлікпен (активтермен) кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс мәмілелерді, оларды уақытша әкімшімен келіспей жасасуға тыйым салынады;

2) алынған қарыздар және шығарылған облигациялар бойынша сыйақыларды есепке жазу тоқтатылады;

3) моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды есептемегенде, төлеу мерзімі оңалту рәсімін қолданғаннан кейін басталған, өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер жауапты болатын азаматтарға төленетін төлемдерді қоспағанда, борышкер мүлкіне (активтеріне) қатысты қабылдаған соттардың шешімдерін, төреліктің шешімдерін, мемлекеттік кіріс органдарының, сондай-ақ борышкер мүлкінің меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), құрылтайшылардың (қатысушылардың) шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;

4) оңалту рәсімі қолданылған салық кезеңінен кейінгі салық кезеңдері үшін салық есептілігіне сәйкес салық төлеуші есептеген, салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша мемлекеттік кіріс органы есебіне жазған салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленеді.

2. Оңалту жоспары бекітілгеннен кейін:

1) оңалту жоспарында көзделгендерді қоспағанда, мүлікпен (активтермен) кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс мәмілелер кредиторлар жиналысының келісуімен жасалады;

2) борышкердің өтініші және оңалту жоспарын бекіту туралы заңды күшіне енген сот ұйғарымының көшірмесі негізінде борышкердің мүлкіне (активтеріне) қойылған барлық шектеулер мен ауыртпалықтар (борышкер шоттарына инкассолық өкімдер, мүлікке (активтерге) тыйым салулар және басқалар) оларды тағайындаған органдардың тиісті шешімдері қабылданбай алып тасталады;

3) кредиторлық берешекті өтеу кестесі оңалту жоспарына сәйкес орындалмаған жағдайда, кредиторлық берешекті өтеудің оңалту жоспарында көрсетілген күнінен немесе кезеңінен кейінгі күннен бастап осы Заңның 50-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында белгіленген шектеулер алынады.

69-бап. Оңалту рәсімі кезінде борышкердің мүлкі (активтері) мен істерін басқару

1. Борышкер заңды тұлға мүлкі меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), оның құрылтайшысының (қатысушысының), дара кәсіпкердің өтініші бойынша, кредиторлар жиналысының шешімі негізінде борышкердің мүлкі (активтері) мен істерін басқару құқығын борышкер заңды тұлға мүлкінің меншік иесінде (ол уәкілеттік берген органда), оның құрылтайшысында (қатысушысында), дара кәсіпкерде сақтап қалады.

Борышкердің мүлкі (активтері) мен істерін басқару құқығын сақтап қалу туралы өтініш кредиторлар жиналысының шешімімен қоса бір мезгілде, не оңалту жоспарын ұсына отырып, не борышкердің мүлкі (активтері) мен істерін басқару құқығын борышкер заңды тұлға мүлкі меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға), оның құрылтайшысына (қатысушысына), дара кәсіпкерге қайтару туралы шешім қабылдай отырып кредиторлар жиналысы бұрын тағайындалған оңалтуды басқарушыны шеттете отырып сотқа жіберіледі.

Кредиторлар жиналысы борышкер-заңды тұлға мүлкі меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), оның құрылтайшысының (қатысушысының), дара кәсіпкердің борышкердің мүлкі (активтері) мен істерін басқару құқығының күшін жою туралы шешім қабылдаған жағдайда, кредиторлар жиналысы хабарламалары әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдардың хабарламалары тізіліміне енгізілген тұлғалар арасынан, әкімшілер рейтингісінің нәтижелерін ескере отырып оңалтуды басқарушыға өздерінің кандидатурасын ұсынуға міндетті. Кредиторлар жиналысының борышкер мүлкі (активтері) мен істерін басқару құқығының күшін жою туралы шешімі бір мезгілде оңалту жоспары ұсыныла отырып сотқа жіберіледі.

Борышкер заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), оның құрылтайшысы (қатысушысы), дара кәсіпкер борышкердің мүлкі (активтері) мен

істерін басқарудан шеттетілген жағдайда да кредиторлар жиналысы оңалтуды басқарушыға кандидатура ұсынуға міндетті.

Кредиторлар жиналысы кандидатқа оның кандидатурасын уәкілетті органға ұсынғанға дейін ол оңалтуды басқарушы ретінде таңдалғаны туралы хабарлауға міндетті.

Кредитор (кредиторлар) борышкердің осындай басқару органының осы Заңда көзделген міндеттерді бұзғанын анықтаған жағдайда, борышкер заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), оның құрылтайшысы (қатысушысы), дара кәсіпкер кредиторлар жиналысының шешімі бойынша басқару органдарының мүшелерін ауыстыруды жүргізуге міндетті.

2. Оңалтуды басқарушыға кандидатураны таңдау кезінде кредиторлар жиналысы уәкілетті органда есепте тұрған тұлғаларға қатысты ұсынымдарды әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғалардың кәсіптік бірлестіктерінен алуы мүмкін.

3. Оңалту жоспарын бекіту туралы немесе борышкер заңды тұлға мүлкінің меншік иесін (ол уәкілеттік берген органды), оның құрылтайшысын (қатысушысын), дара кәсіпкерді борышкердің мүлкі (активтері) мен істерін басқарудан шеттеу туралы сот ұйғарымында мыналар:

1) уәкілетті органға ұйғарым заңды күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оңалтуды басқарушыны тағайындауды тапсыру;

2) борышкердің құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, мүлікке құқық белгілеуші құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды беруі туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс.

4. Уәкілетті орган оңалту жоспарын бекіту туралы ұйғарым немесе борышкер заңды тұлға мүлкінің меншік иесін (ол уәкілеттік берген органды), оның құрылтайшысын (қатысушысын), дара кәсіпкерді борышкердің мүлкі (активтерін) мен істерін басқарудан шеттету туралы ұйғарым заңды күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде кредиторлар жиналысы ұсынған кандидатураны оңалтуды басқарушы етіп тағайындауға міндетті.

Уәкілетті орган кандидатураны осы Заңның 12-бабы 3-тармағының негізінде оңалтуды басқарушы етіп тағайындауға кедергі болатын мән-жайларды анықтаған жағдайда, анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оңалтуды басқарушының кандидатурасын тағайындаудан уәжді бас тартуды не осы Заңның 12-бабының 8-тармағы бірінші бөлігі 10) тармақшасының негізінде әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдардың хабарламалары тізілімінен оңалтуды басқарушының хабарламасын алып тастау туралы хабарды кредиторлар жиналысына жіберуге міндетті

Уәкілетті орган ұсынылған кандидатураны тағайындаудан бас тартқан кезде, кредиторлар жиналысы оңалтуды басқарушы етіп тағайындау үшін басқа кандидатура ұсынуға міндетті.

5. Кредиторлық берешекті өтеу кестесі үш айдан астам мерзім бойы орындалмаған және (немесе) уәкілетті орган анықтағандарды қоса алғанда, осы Заңды бұзушылықтар анықталған жағдайларда, борышкердің мүлкі (активтері) мен істерін басқару құқығы сақталған борышкер заңды тұлға мүлкінің меншік иесін (ол уәкілеттік берген органды), оның құрылтайшысын (қатысушысын), дара кәсіпкерді сот кредиторлар жиналысы уәкілеттік берген тұлғаның өтініші бойынша өтініш келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде басқарудан шеттетеді.";

55) 70-баптың 2-тармағында:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) уәкілетті органға өзінің тағайындалғаны туралы сот ұйғарымы шығарылған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей оңалту рәсімін қолдану және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін жіберуге міндетті;"

3) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) кредиторлар талаптары мәлімделген күннен бастап он жұмыс күні ішінде оларды қарауға және танылған талаптарды тізілімге енгізуге;"

"7) оңалту рәсімі қолданылған күннен бастап екі айдан аспайтын мерзімде кредиторлар талаптарының тізілімін, сондай-ақ талаптары танылмаған кредиторлардың тізбесін қалыптастыруға және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін оны уәкілетті органға және борышкерге ұсынуға;"

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) кредиторлардың алғашқы жиналысын ұйымдастыруға және өткізуге;"

56) 71-бапта:

1-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) кредиторлар жиналысының шешімі бойынша кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс мәмілелер, сондай-ақ оңалту жоспарында көзделген мәмілелер жасасуға;"

6) тармақшадағы "құқылы" деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен кредиторлар жиналысының және кредиторлар комитетінің әрекетіне шағымдануға құқылы.";

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тағайындалған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей кредиторлар комитетімен оңалту рәсімін өткізу туралы шарт жасасуға;"

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) бұрын оңалту рәсімінде борышкердің мүлкі (активтері) мен істерін басқаруды борышкер мүлкінің меншік иесін (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшылар (қатысушылар) немесе шеттетілген оңалтуды басқарушы жүзеге асырған жағдайларда, оңалту кезіндегі заңсыз әрекеттер жасау фактілерін анықтауға;"

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер борышкердің оңалту рәсімі қолданылғаннан кейін туындаған ақшалай міндеттемелерінің жалпы сомасы оңалту рәсімі қолданылған күні кредиторлық берешектің жалпы сомасының жиырма пайызынан асып түссе, борышкердің жаңа ақшалай міндеттемелерін туғызатын мәмілелерді оңалтуды басқарушы кредиторлар жиналысының келісуімен жасайды.";

57) 72-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"72-бап. Оңалту рәсімінде кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру

1. Уақытша әкімшіні тағайындау туралы сот ұйғарымын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ол оңалту рәсімін қолдану және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы қазақ және орыс тілдеріндегі хабарландыруды уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін уәкілетті органға жібереді.

Кредиторлар талаптарын қабылдауды уақытша әкімші борышкердің орналасқан жері бойынша не әкімші ретінде қызметін бастағаны туралы хабарламада өзі көрсеткен, әкімшінің тіркелген орны бойынша жүзеге асырады.

2. Кредиторлардың борышкерге қоятын талаптарын өздері кредиторлар талаптарын мәлімдеу тәртібі туралы хабар жарияланған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей мәлімдеуге тиіс.

Кредиторлардың талаптарында:

1) талаптың сомасы туралы (негізгі борыштың, сыйақының (мүддесінің), тұрақсыздық айыбының сомасы және өзге де айыппұл санкциялары, залалдар туралы жеке-жеке) мәліметтер;

2) осы Заңның 25-бабының 1-тармағында көзделген кредиторлар жиналысын өткізу туралы хабарлама тәсілдерінің бірін көрсету қамтылуға тиіс.

Салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқалары ұсыныла отырып, талаптың негізі мен сомасын растайтын құжаттардың (заңды күшіне енген сот шешімдері, шарттардың көшірмелері, борышкердің борышын мойындауы) көшірмелері талапқа қоса беріледі.

Кредиторлар талаптың негізі мен сомасын растайтын өзге құжаттарды да ұсынуға құқылы.

Кредиторлардың шетел валютасында көрсетілген талаптары соттың оңалту рәсімін қолдану туралы шешімі қабылданған күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша теңгемен ескеріледі.

3. Кредитордың осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімнен кешіктіріліп мәлімделген талабы кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізіледі, бірақ мұндай

кредитор бір ай мерзімде мәлімделген кредиторлар талаптары толық қанағаттандырылғанға дейін кредиторлар жиналысында дауыс беру құқығынан айырылады.

4. Кредиторлардың мерзімінде мәлімделген, осы баптың 2-тармағында көзделген талаптары, сондай-ақ кредиторлардың көрсетілген мерзімнен кеш мәлімделген талаптарын уақытша әкімші немесе оңалтуды басқарушы мәлімделген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

Қарау нәтижесі бойынша танылған талаптар кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілуге жатады.

Кредиторлардың бұрын сотқа мәлімдеген талаптары, егер олар осы баптың 2-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген талаптарға сай келсе, кредитордың өтініші болған кезде тізілімге енгізілуі мүмкін.

Кредиторлар талаптарының тізіліміне осы Заңның 90-бабының 7-тармағында көзделген талаптар енгізілмейді.

5. Кредиторлардың оңалту рәсіміне қатысуға байланысты шығыстары өтелуге жатпайды.

6. Уақытша әкімші шешім қабылданған күннен кейінгі күні әрбір кредиторға кредиторлардың талаптарын қарау нәтижелері туралы (танымау себептерін көрсете отырып, талаптарды толық көлемде немесе бір бөлігінде тану немесе танымау туралы) жазбаша хабардар етуге міндетті.

Кредитордың талабын (толық көлемде немесе бір бөлігінде) тану туралы хабарламада уақытша әкімші кредиторлардың алғашқы жиналысының өткізілу күнін, уақытын, орнын және күн тәртібін көрсетуге міндетті.

Уақытша әкімшінің шешімімен келіспеген кезде кредитор, құрылтайшы (қатысушы), борышкер оңалту туралы істі қарайтын сотта уақытша әкімшінің хабарламасын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оған шағым жасауға құқылы.

7. Уақытша әкімші тағайындалған күнінен бастап екі айдан кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімде және нысан бойынша кредиторлар талаптарының тізілімін, сондай-ақ талаптары танылмаған кредиторлардың тізбесін қалыптастыруға және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін қазақ және орыс тілдерінде уәкілетті органға жіберуге міндетті.

Уәкілетті орган кредиторлар талаптарының тізілімін алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей оны өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

Қалыптастырылған кредиторлар талаптары тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізіледі.

8. Кредиторлар талаптарының тізілімі жарияланған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде басқа кредиторлар талаптарының мөлшері мен негіздеріне кредитор шағымдануға құқылы.";

58) 73-бапта:

1 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Оңалту жоспарында борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі нақты іс-шаралар (оңалту шаралары) және осы Заңның 77-бабының 2-тармағында көрсетілген кредиторлар алдындағы берешекті өтеу графигі қамтылуға тиіс

Оңалту жоспарының үлгілік нысанын уәкілетті орган бекітеді.

Табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын не Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдардың оңалту жоспарын тиісті орталық атқарушы орган, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тиісті аумақтық органы, ал қала құраушы заңды тұлғалар бойынша - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың тиісті жергілікті атқарушы органы келіседі.

Ұсынылған оңалту жоспарын осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген ұйымдар ол келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.";

"6. Оңалту жоспары кредиторлар талаптарының тізілімі жарияланғаннан кейін кредиторлар жиналысына келісу үшін ұсынылуға тиіс.";

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Борышкер уақытша әкімшіге әзірленген оңалту жоспарын кредиторлар жиналысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні бұрын ұсынуға міндетті.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Оңалту жоспарына өзгерістер мен толықтырулар кредиторлар жиналысының келісуімен енгізіледі және оны сот бекітеді.

Табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын не Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдардың оңалту жоспарына өзгерістер мен толықтыруларды тиісті орталық атқарушы орган, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тиісті аумақтық органы, ал қала құраушы заңды тұлғалар бойынша – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың тиісті жергілікті атқарушы органы келіседі.";

11-1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) борышкерден осындай кредитор талабының банкроттық рәсімінің қолданылуы жағдайына қарағанда аз емес мөлшерде қанағаттандырылуын қамтамасыз ететін оңалту жоспарының іс-шаралары туралы қосымша мәліметтерді және (немесе) ақпаратты сұратуға құқылы.";

12-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) уәкілетті органның оңалтуды басқарушыны тағайындауы туралы немесе басқару құқығының борышкер заңды тұлға мүлкінің меншік иесінде (ол уәкілеттік берген

органда), оның құрылтайшыларында (қатысушыларында), дара кәсіпкерлерде сақталуы туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс.";

59) 75-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"75-бап. Кредиторлар жиналысының оңалту рәсіміндегі өкілеттіктері";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Оңалту рәсімі кезінде кредиторлардың алғашқы жиналысын уақытша әкімші оңалту рәсімін қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде өткізеді.";

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) оңалту жоспарын бекіту туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап борышкердің мүлкі (активтері) мен істерін басқару құқығын борышкер-заңды тұлға мүлкінің меншік иесінде (ол уәкілеттік берген органда), оның құрылтайшыларында (қатысушыларында), дара кәсіпкерде сақтау немесе оның күшін жою туралы шешім қабылдау;"

2) тармақша алып тасталсын;

3) 12) және 13) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) кредиторлар комитеті құрамының санын, кредиторлар комитетінің төрағасын айқындау және бекіту;"

"12) әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдардың хабарламалары тізіліміне енгізілген адамдар арасынан әкімшілер рейтингісі нәтижелерін ескере отырып, оңалтуды басқарушының кандидатурасын таңдау;

"13) уәкілетті орган белгілеген шекте, уақытша әкімшінің негізгі сыйақы төлемінің мөлшерін айқындау;"

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) оңалтуды басқарушыға негізгі сыйақы төлемінің мөлшерін айқындау;"

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) оңалтуды басқарушыға оңалту рәсімі мақсатына қол жеткізген жағдайда оған қосымша сыйақы мөлшерін айқындау;"

60) 76-бапта:

б) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) оңалтуды басқарушыны шеттету туралы мәселе бойынша кредиторлар жиналысын ұйымдастырады және өткізеді;"

61) 77-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Оңалту рәсімін қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап;"

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) төлеу мерзімі оңалту рәсімі қолданылғаннан кейін басталған, еңбек шарты бойынша жұмыс істеп жүрген адамдармен өтемақыларды төлеу және еңбекақы төлеу бойынша, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар, қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін авторлық шарттар бойынша сыйақыларды төлеу бойынша есеп айырысулар жүргізіледі;"

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Заңның 104-бабында белгіленген кепілді кредиторлардың талаптарын өтеу тәртібін қоспағанда, өндіріп алу атқару парақтары бойынша немесе даусыз (акцептісіз) тәртіппен жүргізілетін берешектерді қоса алғанда, борышкердің кредиторлар алдындағы берешектері бойынша барлық қалған есеп айырысулар осы Заңның 100-бабында және 101-баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген кезектілік пен есеп айырысу қағидалары сақтала отырып, оңалту жоспарына сәйкес кредиторлар талаптарының тізілімі жарияланғаннан кейін жүзеге асырылады.";

4-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) егер өзінің алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету нысанасы болып табылатын мүлік (активтер) борышкердің қызметін жалғастыру үшін немесе оңалту жоспарын іске асыру үшін талап етілмеген жағдайларда, өзінің алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету нысанасы болып табылатын борышкер мүлкіне өндіріп алуды қолдану туралы сотқа жүгінуге құқылы.";

62) 78-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер борышкерді оңалту жоспарында оңалту шарасы ретінде оның санациясы қамтылса, оңалту жоспарына сәйкес санацияға қатысушының борышкерге және (немесе) кредиторларға ақша аудару туралы жазбаша міндеттемесі, сомасы мен мерзімдері көрсетіле отырып, жоспарға қоса берілуге тиіс.

Борышкер дара кәсіпкердің оңалту жоспарында санация қамтылмайды.";

63) 80-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңның 78-бабының 2-тармағында көзделген міндеттемені өзіне қабылдаған санацияға қатысушы борышкер таратылғаннан кейін, егер еңсерілмейтін күштің немесе кредиторлардың не борышкердің, борышкер мүлкінің меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның) әрекеттері нәтижесінде санация мақсаттарына қол жеткізілмегенін дәлелдемесе, оның өтелмеген міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауаптылықта болады.";

64) 82-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын .

"1. Оңалтуды басқарушы кредиторлар жиналысының шешімі бойынша:

1) борышкерге қатысты оңалту рәсімінің мақсатына қол жеткізілген;

Егер оңалту жоспарын бекіткен күні қалыптастырылған кредиторлар талаптары тізілімінің әрбір кезегі талаптарының жалпы сомасының сексен және одан да көп пайызы қанағаттандырылса, оңалту рәсімінің мақсатына қол жеткізілген болып саналады;

2) осы мақсатқа қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайларда, борышкерге қатысты оңалту рәсімін тоқтату туралы өтінішпен сотқа жүгінеді.

Оңалтуды басқарушының өтінішіне қорытынды есеп қоса беріледі.";

65) 83-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"83-бап. Оңалту рәсімін тоқтатудың салдарлары

1. Осы Заңның 82-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінің 2) тармақшасында, 2, 3, 4 және 6-тармақтарында көзделген негіздер бойынша оңалту рәсімі тоқтатылған және банкроттық туралы іс қозғалған (қайта басталған) жағдайларда:

1) осы Заңның 68-бабында көзделген салдарлар сақталады;

2) борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарылғанға және банкроттықты басқарушы тағайындалғанға дейін борышкердің мүлкі (активтері) мен істерін басқару құқығы оңалту рәсімінде басқаруды жүзеге асырған адамда сақталады.

2. Оңалту рәсімі осы Заңның 82-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда кредиторлардың қанағаттандырылмаған талаптары өтелген болып саналады.";

66) 84-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі сот шешімімен айқындалады және ол тоғыз айдан аспауға тиіс. Бұл мерзімді кредиторлар комитетінің келісуімен банкроттықты басқарушының өтінішхаты бойынша сот үш айдан аспайтын мерзімге ұзарта алады.";

2-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

67) 85-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) банкрот мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), қатысушылар (құрылтайшылар);";

68) 86-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) кредитордың өтініші бойынша әкімшілік шығыстардың не банкроттық рәсімін өткізу мақсаттары үшін алынған қарыз мөлшерінің негізділігін қарайды.";

69) 87-бапта:

1-тармақтың 1) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) борышкер мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға), құрылтайшыларға (қатысушыларға), заңды тұлғаның барлық органдарына мүлікті пайдалануға және өткізуге тыйым салынады";

"6) әкімші өтінішінің және борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімінің ұсынылған көшірмесінің негізінде банкрот мүлкіне қойылған барлық шектеулер мен ауыртпалықтар (борышкердің шоттарына инкассолық өкімдер, мүлікке тыйым салу

және басқалар) оларды тағайындаған органдардың тиісті шешімдері қабылданбастан алып тасталады;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Соттың банкроттық рәсімін қозғау туралы ұйғарымы шығарылған күні сатып алушыға берілмеген банкрот мүлкі (активтері) банкроттың мүліктік массасының құрамына енгізіледі, ал кредитор немесе орындалмаған міндеттеме бойынша дәрменсіз сатып алушы банкроттық рәсімі шеңберінде борышкерге өз талаптарын қоюға құқылы."

70) 88-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"88-бап. Уақытша басқарушының өкілеттіктері

1. Уақытша басқарушы:

1) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан борышкер, оған өтеусіз негізде берілуге тиіс екенін растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса алғанда, оның мүлкі (активтері) туралы ақпаратты сұрау салу берілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде сұратуға;

2) борышкер осы Заңның 7-бабында көрсетілген мән-жайлар кезінде жасаған мәмілелерді анықтауға және оларды жарамсыз деп тану туралы және сот тәртібімен, оның ішінде мұндай мәмілені анықтаған кредитордың өтінішхаты бойынша мүлікті қайтару туралы талап қоюға;

3) мәлімделген талаптардың негізі мен сомасын растайтын құжаттарды кредиторлардан сұратуға;

4) осы Заңда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2. Сот уақытша басқарушыны тағайындау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап және банкроттық туралы істі қарау аяқталғанға дейін уақытша басқарушы:

1) осы Заңда көзделген жағдайларда борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтерді оның дәрменсіздік белгілерінің бар не жоқ екендігін растау мақсатында бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік құжаттарының негізінде сот шешімі шығарылғанға дейін жинауды жүзеге асыруға;

2) осы Заңда көзделген жағдайларда сотқа борышкердің қаржылық жағдайы туралы қорытындыны ұсынуға;

3) тағайындалғаны туралы ұйғарымды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті органға уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін банкроттық туралы істі қозғау және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы қазақ және орыс тілдеріндегі хабарландыруды жіберуге;

4) мәмілелерді кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс келісу туралы борышкердің өтінішін бес жұмыс күні ішінде қарауға;

5) осы Заңда көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

3. Борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі шығарылғаннан кейін уақытша басқарушы:

1) уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін борышкерді банкрот деп тану туралы жарияланымды қазақ және орыс тілдерінде уәкілетті органға борышкер банкрот деп танылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жіберуге;

2) уәкілетті органнан банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар тұлғаның бар-жоғы және банктік шоттарының нөмірлері, осы шоттардағы ақшаның қалдықтары туралы және қозғалысы туралы ақпаратты борышкер банкрот деп танылған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сұратуға;

3) банкрот қызметкерлерін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шартының алдағы уақытта тоқтатылатыны туралы хабардар етуге;

4) банкрот мүлкін (активтерін) қорғауды және бақылауды қамтамасыз етуге;

5) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімде және нысан бойынша кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыруға;

6) кредиторлардың шетел валютасында көрсетілген талаптарын борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі қабылдаған күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша белгіленген тәртіппен теңгемен есепке алуды қамтамасыз етуге;

7) банкроттың мүліктік массасына түгендеу жүргізуге және түгендеу бойынша есепті кредиторлардың алғашқы жиналысына ұсынуға;

8) кепілді кредиторға кепілге салынған мүлікті бағалау нәтижесін ұсыну туралы хабарламаны борышкер банкрот деп танылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жіберуге;

9) кредитордың және борышкер мүлкі меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның) жазбаша сұрау салуы негізінде сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы хабарлауға;

10) кредиторлардың алғашқы жиналысының өткізілу күні, уақыты мен орны туралы кредиторларды хабардар етуге;

11) сот борышкер мен оның кредиторларының мүдделерін қозғайтын акт шығарған жағдайда, осы сот актісіне шағымдану туралы мәселені қарау үшін өтініші бойынша банкроттық туралы іс қозғалған кредиторға не борышкерге оны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оның көшірмесін ұсынуға;

12) кредиторлардың алғашқы жиналысын ұйымдастыруға және өткізуге;

13) банкроттықты басқарушыға тағайындалған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды беруге;

14) сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру немесе тоқтату туралы ұйғарым, борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешім шығарған не борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімінің күші жойылған жағдайда борышкерге соттың тиісті сот актісі қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құрылтай

құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды беруге;

15) осы Заңда көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.";

71) 89-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кредиторлар жиналысы мен кредиторлар комитеті әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдануға құқылы.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банкроттықты басқарушы:

1) өзі тағайындалған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уақытша басқарушыдан құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне (активтеріне) құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды қабылдауға;

2) оны тағайындағаннан күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан банкрот, оған тиесілі (тиесілі болған) мүлік (активтер) туралы ақпаратты және растайтын құжаттардың көшірмелерін талап етуге, егер көрсетілген ақпарат пен құжаттарды уақытша басқарушы оған бермеген болса, олар сұрау салу жіберілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде оған өтеусіз негізде ұсынылуға тиіс;

3) өзі тағайындалғаннан күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органнан банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар тұлғаның банк шоттарының бар-жоғы және нөмірлері, осы шоттардағы ақшаның қалдықтары туралы және қозғалысы туралы ақпарат сұратуға;

4) банкроттың мүлкін (активтерін) қорғауды және бақылауды қамтамасыз етуге;

5) кредиторлар комитеті дебиторлық берешекті сату немесе факторинг шартын жасасу туралы шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда, банкрот алдында берешегі бар адамдарды анықтаған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей осы берешекті сот тәртібімен өндіріп алу туралы талап қоюға;

6) кредиторлар комитеті отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей реверсивті факторинг шартын жасасуға;

7) осы Заңның 7-бабында көрсетілген мән-жайларды борышкер жасаған мәмілелерді анықтауға және оларды жарамсыз деп тану және сот тәртібімен мүлікті (активтерді) қайтару туралы, оның ішінде, осындай мәмілені анықтаған кредитордың өтінішхаты бойынша талап етуге;

8) кредиторлар комитетінің шешімі негізінде он жұмыс күнінен кешіктірмей банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін борышкер жасасқан шарттарды өзгертуге, бұзуға, орындаудан бас тартуға немесе оның жарамдылығына шағымдануға;

9) борышкер кредиторлар жиналысымен келісілген оңалту жоспарын ұсынған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей борышкер-заңды тұлға (ол уәкілеттік берген органға) мүлкінің меншік иесіне, оның құрылтайшысына (қатысушысына), дара кәсіпкерге оңалту жоспарының тиімділігі (тиімсіздігі) туралы қорытындыны беруге;

10) банкроттың мүлкін (активтерін) сату жоспарын әзірлеуге және оны іске асыруды жүзеге асыруға;

11) кредиторлар талаптарының тізілімін жүргізуге;

12) осы Заңның 11-бабының 4-тармағында белгіленген адамдарды анықтауға және оларды субсидиарлық жауаптылыққа тарту туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге;

13) борышкер пайдасына ақшалай қаражат түскеннен кейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей кредиторлармен есеп айырысуды жүзеге асыруға;

14) кредиторға оның жазбаша сұрау салуы негізінде сұрау салу түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы, борышкердің қаржылық жағдайы туралы хабарлауға;

15) егер банкроттықты басқарушымен жасалған банкроттық рәсімін жүргізу туралы шартта өзгеше белгіленбесе, сот банкрот пен оның кредиторларының мүдделерін қозғайтын актіні шығарған жағдайда, оны алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде кредиторлар комитетіне осы сот актісіне шағымдану туралы мәселені қарау үшін оның көшірмесін беруге;

16) кредиторларды кредиторлар жиналысы және комитеті отырысын өткізу күні, уақыты мен орны туралы хабардар етуге;

17) соттың қорытынды есепті бекіту туралы ұйғарымы заңды күшіне енгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде екінші деңгейдегі банкке және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға банкроттың банктік шоттарын жабу туралы өтінішті жолдауға, салық төлеуші куәлігінің және қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің бланкілерін (олар бар болған кезде) мемлекеттік кіріс органына тапсыруға, банкроттың мөрін (ол болған кезде) жоюға;

18) құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды:

борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімінің күшін жою туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде – борышкерге немесе оңалтуды басқарушыға;

банкроттың кәсіпорнын сату кезінде табыстау актісіне қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде – сатып алушыға беруге;

19) банкроттықты басқарушы шеттетілген (босатылған) жағдайда жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға шеттету (босату) туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құрылтай құжаттарды, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі

мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды, сондай-ақ банкроттың банктік шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпаратты беруге;

20) өзі тағайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде кредиторлар комитетімен банкроттық рәсімін жүргізу туралы шарт жасасуға;

21) өзі тағайындалған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей банкроттық рәсімінің әкімшілік шығыстар сметасын жасауға;

22) кредиторларға мүліктік залал келтіру, оңалту және банкроттық рәсімі барысында заңсыз әрекеттер жасау белгілерін анықтауға және оларды анықтаған күннен бастап бір ай мерзімде тиісті тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту үшін құқық қорғау органдарына жүгінуге;

23) осы Заңның 6-бабына сәйкес кредиторларға олардың мүліктік залал келтіру фактілері анықталған жағдайда субсидиарлық жауаптылыққа тарту туралы сотқа талап қоюмен жүгінуге;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындауға міндетті.";

72) 90 және 91-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"90-бап. Банкроттық рәсімінде кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру

1. Уақытша басқарушы өзін тағайындау туралы соттың ұйғарымы шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде банкроттық туралы істі қозғау және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы қазақ және орыс тілдерінде хабарландыруды уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін уәкілетті органға жібереді.

Кредиторлар талаптарын қабылдауды уақытша басқарушы борышкердің орналасқан жері бойынша не әкімші ретінде жұмысын бастағаны туралы өзі хабарламада көрсеткен әкімшінің тіркелген орны бойынша жүзеге асырады.

Уәкілетті орган хабарландыруды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

Борышкерде интернет-ресурс болған кезде аталған интернет-ресурста хабарды жариялау міндетті болып табылады.

2. Уақытша басқарушы сот орындаушыларынан заңды күшіне енген сот шешімін немесе борышкерден ақша өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде осындай кредиторларды банкроттық туралы істі қозғау (борышкерді банкрот деп тану) және талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы жазбаша хабардар етеді.

Уақытша басқарушы өзін тағайындау туралы сот ұйғарымы шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өміріне және денсаулығына зиян келтіргені үшін

борышкер жауапты болатын азаматтарды да борышкерді банкрот деп тану және талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы жазбаша хабардар етеді.

3. Кредиторлардың банкротқа қоятын талаптары кредиторлар талаптарын мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей мәлімделуге тиіс.

Кредиторлардың талаптарында:

1) талаптың сомасы туралы (негізгі борыштың, сыйақының (мүдденің), тұрақсыздық айыбының сомасы және өзге де айыппұл санкциялары, залалдары туралы жеке-жеке) мәліметтер қамтылуы тиіс. Талаптар сомасы осындай талаптарды мәлімдеу күніне айқындалады;

2) осы Заңның 25-бабының 1-тармағында көзделген кредиторлар жиналысын өткізу туралы хабарлама тәсілдерінің бірін көрсету қамтылуға тиіс.

Салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқаларын ұсына отырып, талапқа талаптың негізділігі мен сомасын растайтын құжаттардың (күшіне енген сот шешімдері, шарттардың көшірмелері, борышкердің борышын мойындауы) көшірмелері қоса беріледі.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасында белгіленген тәртіпте мәлімденген сыйақы (мүдде) мен залалдар бойынша талап сомасы сот борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылданған күнге өзгерілген жағдайда, онда кредитор осындай шешімді сот қабылданған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде көрсетілген өзгерісті ескере отырып өзінің талаптарын қайта мәлімдейді.

Кредиторлар талаптың негізі мен сомасын растайтын өзге құжаттарды ұсынуға да құқылы.

Кредитордың талабы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен талап ету мерзімінің өтіп кетуі себебімен өндіріп алуға жатпайтын бөлігіндегі талабы кредиторлар талаптары тізіліміне енгізілуі мүмкін емес.

Кредиторлардың шетел валютасында көрсетілген талаптары сот борышкерді банкрот деп тану және оны банкроттық рәсімін қозғай отырып тарату туралы шешім қабылдаған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша теңгемен есепке алынады.

4. Қалыптастырылған кредиторлар талаптары тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізіледі.

5. Осы баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімнен кеш мәлімделген кредитордың талабы кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізіледі, бірақ мұндай кредитор бір ай мерзімде мәлімделген кредиторлардың талаптарын толық қанағаттандырғанға дейін кредиторлар жиналысында дауыс беру құқығынан айырылады.

6. Кредиторлардың осы баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде көзделген мерзімде мәлімделген, сондай-ақ көрсетілген мерзімнен кеш мәлімделген кредиторлардың

талаптарын уақытша басқарушы немесе банкроттықты басқарушы осындай талаптар мәлімденген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

Қарау нәтижелері бойынша танылған талаптар кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілуге жатады.

Кредиторлардың бұрын сотқа мәлімдеген талаптары, егер олар осы баптың 3-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген талаптарға сай келетін болса, кредитордың өтініші болған кезде тізілімге енгізілуі мүмкін.

7. Кредиторлар талаптарының тізіліміне:

1) бөлінген активтермен қамтамасыз етілген Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритизендіру туралы заңнамасында айқындалған кредиторлардың талаптары және мынадай мүлікті: ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттары бойынша (ипотекалық куәліктердің кепілін қоса алғанда) талап құқықтарын, сондай-ақ олардың ұстаушыларында мәмілелер бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша көрсетілген облигацияларға меншік құқықтары туындаған немесе оларға көшкен жағдайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын кепілімен қамтамасыз етілген ипотекалық облигацияларды ұстаушылардың талаптары;

2) кредиторлардың мемлекет кепілгерлігімен қамтамасыз етілген инфрақұрылымдық облигациялары бойынша талаптары;

3) борышкердің құрылтайшыларының (қатысушыларының), олардың еңбекақы төлеу, еңбек шарттары бойынша өтемақылар төлеу жөніндегі талаптарын, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша міндеттемелерін қоспағанда, талаптары енгізілмейді.

8. Кредиторлар борышкерге өзінде берешектің сомасын және осы сомаға тиесілі сыйақыны (мүддені), борышкер тарапынан міндеттемелерді орындамаудан немесе тиісінше орындамаудан келтірілген залалдарды, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдар, өсімпұлдар) және өзге де айыппұл санкцияларын қамтитын талаптарды қоюға құқылы.

9. Сыйақының (мүдденің) және залалдардың сомасы борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешім қабылдаған күнге айқындалады.

10. Кредиторлардың банкроттық рәсіміне қатысуға байланысты шығыстар өтеуге жатпайды.

91-бап. Кредиторлар талаптарын қарау

1. Уақытша басқарушы шешім шығарылған күннен кейінгі күні кредиторлардың талаптарын қарау нәтижелері туралы (талаптарды толық көлемде немесе себептерін көрсете отырып, бір бөлігінде тану немесе танымау туралы) әрбір кредиторға жазбаша

хабарлауға міндетті. Кредиторлардың борышкер банкрот деп танылғаннан кейін мәлімделген талаптары бойынша уақытша немесе банкроттықты басқарушы шешім қабылданған күннен кейінгі күні осындай кредиторға жазбаша хабарлауға міндетті.

Кредитордың талабын (толық көлемде немесе бір бөлігінде) тану туралы хабарламада уақытша немесе банкроттықты басқарушы кредиторлардың бірінші жиналысын өткізу күнін, уақытын, орнын және күн тәртібін көрсетуге міндетті.

2. Уақытша немесе банкроттықты басқарушының шешімімен келіспеген жағдайда кредитор, құрылтайшы (қатысушы) оған банкроттық туралы істі қарайтын сотқа он жұмыс күні ішінде шағымдануға құқылы.";

73) 92-бапта:

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"92-бап. Кредиторлар талаптарының тізілімін жариялау";

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уақытша басқарушы өзі тағайындалған күннен бастап екі айдан кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімде және нысан бойынша кредиторлар талаптарының тізілімін, сондай-ақ талаптары танылмаған кредиторлардың тізбесін қалыптастыруға және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін уәкілетті органға қазақ және орыс тілдерінде жіберуге міндетті.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жарияланған кредиторлар талаптары тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, кредиторлар талаптары тізілімі жарияланғаннан кейін талаптарын мәлімдеген кредиторлар талаптарын уақытша немесе банкроттықты басқарушылар таныған, сондай-ақ кредитор талаптары көлемін азайту туралы өтініш бергенде жағдайларда жүзеге асырылады.

Кредиторлар талаптары қанағаттандырылған жағдайларда кредиторлардың жарияланған талаптарының тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілмейді.";

74) 93-бапта:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кредиторлардың алғашқы жиналысында:

1) кепілденген мүлікті қоспағанда мүлікті (активтерді) бағалау жүргізу немесе мүлікті (активтерді) теңгерімдік құны бойынша сауда-саттыққа қою туралы шешім қабылданады;

2) борышкер банкрот деп танылғанға дейін кепілге салынған мүліктің бағалау нәтижелерін ескере отырып, кепілді кредитордың талаптарын қанағаттандыру есебіне кепілге салынған мүлікті беру туралы мәселе қаралады;

3) хабарламасы әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдарды хабардар ету тізіліміне енгізілген тұлғалар ішінен, әкімшілер рейтингісінің нәтижелерін ескере отырып, банкроттықты басқарушының кандидатурасы тандалады;

4) кредиторлар комитетінің саны айқындалады және кредиторлар комитетінің құрамы, төрағасы бекітіледі;

5) кредиторлар комитетінің жұмыс регламенті бекітіледі;

6) уақытша басқарушыға уәкілетті орган белгілеген шекте төленуге тиіс негізгі сыйақы мөлшері айқындалады;

7) банкроттық мүліктік массасын түгендеу туралы есеп қаралады;

8) банкроттың қызметін жалғастыру (тоқтату) туралы шешім қабылданады.

3. Кредиторлар жиналысының құзыретіне:

1) әкімшілер рейтингісін ескере отырып, банкроттықты басқарушының кандидатурасын таңдау;

2) кредиторлар комитетінің құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) банкроттың мүлкін (активтерін) тікелей сату туралы шешім қабылдау;

4) лизинг нысанын мерзімінен бұрын сатып алу туралы шешім қабылдау;

5) уәкілетті орган белгілеген шекте банкроттықты басқарушыға төлеуге тиіс негізгі сыйақы мөлшерін айқындау;

6) қорытынды есепті келісу;

7) банкроттықты басқарушының банкроттық рәсімін жүргізу үшін кредит алуы туралы шешім қабылдауы;

8) бітімгершілік келісім жасасу туралы шешім қабылдау;

9) банкроттық рәсімі барысында оңалту рәсіміне өту туралы шешім қабылдау;

10) осы Заңның 95-1-бабында көзделген жағдайда оңалту жоспарын келісу;

11) кредитордың кредиторлар жиналысына келмеуінің себебін дәлелді себеп ретінде тану туралы шешім қабылдау;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар жатады.
";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Банкроттықты басқарушының кандидатурасын таңдау кезінде уәкілетті органда есепте тұрған тұлғаларға қатысты ұсынымдарды кредиторлар жиналысы әкімші қызметін жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың кәсіптік бірлестіктерінен алуы мүмкін.";

76) 94-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"94-бап. Кредиторлар комитетінің банкроттық рәсіміндегі өкілеттіктері

Кредиторлар комитеті:

1) банкроттық рәсімінің өткізілуін және банкроттықты басқарушының қызметін жедел бақылауды жүзеге асырады;

2) банкроттықты басқарушымен шарт жасасады және оны бұзады;

3) шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын банкроттық рәсімін жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді;

4) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша әкімшілік шығыстардың орнын толтыру жағдайларын қоспағанда, әкімшілік шығыстардың

сметасын және банкроттық рәсімін жүргізуге тартылатын қызметкерлердің санын бекітеді;

5) бекітілген әкімшілік шығыстар сметасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдайды;

6) банкроттың жаңадан анықталған не мүліктік массаға қайтарылған мүлкін (активтерін) бағалауды жүргізу туралы шешім қабылдайды;

7) банкроттықты басқарушы сатып алатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін айқындайды;

8) борышкер мен кредитор арасындағы талаптарды өзара есепке алу туралы шешім қабылдайды;

9) банкроттықты басқарушыны шеттету мәселесі бойынша кредиторлар жиналысын ұйымдастырады және өткізеді;

10) мүлікті (активтерді) сату жоспарын бекітеді;

11) мүлікті (активтерді) теңгерімдік құны бойынша электрондық аукционға қою туралы шешім қабылдайды;

12) борышкердің өндіріп алу мүмкін емес дебиторлық берешегінің сомасын бекіту;

13) банкроттық рәсімін жүргізу мерзімін ұзартуға келісім беру;

14) баланста есепте бар, бірақ түгендеу актісі бойынша жоқ жылжымалы мүлікті (активтерді) есептен шығару туралы шешім қабылдау;

15) борышкер мүлкін мүліктік жалға беру (аренда) шартын жасасу талаптарын айқындайды;

16) осы Заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

76) 95-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіппен сайланған өкіл банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде осы Заңда өзіне берілетін кредитордың барлық құқықтарын пайдаланады. Өкіл кредиторлар талаптарының тізілімінде еңбекақы төлеу жөніндегі талаптарды енгізу нәтижелері бойынша оны сайлаған жиналыс (конференция) алдында есеп береді.";

77) 95-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"95-1-бап. Банкроттық рәсімінен оңалту рәсіміне өту

1. Борышкерге қатысты оңалту рәсімі қолданылмаған, ал банкроттық рәсімі барысында мүліктің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшы (қатысушы), дара кәсіпкер осы Заңның 73-бабы 1, 4 және 5-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін оңалту жоспарын әзірлеген жағдайда борышкер заңды тұлға мүліктің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшы (қатысушы), дара кәсіпкер банкроттықты басқарушыға әзірлеген оңалту жоспарын және банкроттық рәсімінен оңалту рәсіміне өту мүмкіндігін қарау үшін кредиторлар жиналысын өткізу туралы өтінішхатпен жүгінуге құқылы.

Банкроттықты басқарушы борышкер заңды тұлға мүлкі меншік иесінен (ол уәкілеттік берген органынан), құрылтайшыдан (қатысушыдан), дара кәсіпкерден өтінішхат түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде кредиторларды осы Заңның 25-бабында көзделген тәртіппен кредиторлар жиналысын өткізу туралы хабардар етуге міндетті.

2. Кредиторлар жиналысы ұсынылған оңалту жоспарымен және банкроттық рәсімінен оңалту рәсіміне өтумен келіскен жағдайда жиналыс сонымен бір мезгілде борышкер-заңды тұлға мүліктің меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), құрылтайшының (қатысушының), дара кәсіпкердің мүлкі (активтері) мен борышкердің істерін басқару жөніндегі құқықтарын қалпына келтіру мәселесін шешуге не әкімшілер рейтингісі нәтижесін ескере отырып уәкілетті органда тіркелген адамдар арасынан оңалтуды басқарушының кандидатурасын таңдауға міндетті.

3. Банкроттықты басқарушы оңалту жоспарын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті орган белгілеген нысанда оңалту жоспарының тиімділігі (тиімсіздігі) туралы қорытынды жасауға және борышкер-заңды тұлға мүліктің меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға), құрылтайшыларға (қатысушыларға), дара кәсіпкерге жіберуге міндетті.

4. Борышкер мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшы (қатысушы), дара кәсіпкер кредиторлар жиналысының келісімі және банкроттықты басқарушының оңалту жоспарының тиімділігі (тиімсіздігі) туралы қорытындысы болған кезде банкроттық рәсімін тоқтату, оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқылы.

5. Сот борышкер мүлкі меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), құрылтайшының (қатысушының) банкроттық рәсімді тоқтату, оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту туралы өтінішін осы Заңда көзделген ерекшеліктермен азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы қағидалары бойынша қарайды.

6. Істі қарау нәтижелері бойынша сот банкроттық рәсімін тоқтату, оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту не бас тарту туралы шешім шығарады.

7. Сот оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту туралы шешім шығарған жағдайда борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып борышкерді тарату туралы шешімді оны шығарған сот жоюға тиіс.";

78) 96-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мүліктік массаға банкрот – дара кәсіпкердің, толық серіктестіктер қатысушыларының жеке мүлкі (активтері), толық және коммандиттік серіктестіктердің бұрынғы қатысушыларының, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік қатысушыларының, сондай-ақ банкроттың мүлкі (активтері) жеткіліксіз болған кезде Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасына сәйкес оларға өндіріп алуды қолдану мүмкін болатын өндірістік кооперативтің мүлкі (активтері) бөлек кіреді және ескеріледі.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында заңды тұлғаның құрылтайшысын (қатысушысын), лауазымды және (немесе) борышкерді бақылайтын тұлғаның субсидиарлық жауаптылығы көзделген жағдайларда, бұл жауаптылықтың мөлшері кредиторлар талаптарының жалпы сомасы мен банкроттың мүліктік массасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.";

79) 97-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уақытша басқарушы банкроттың мүліктік массасын түгендеуді жүргізеді және кредиторлардың бірінші жиналысына, ал кепілге салынған мүлік болған кезде кепілді кредиторға түгендеу туралы есепті ұсынады.";

"3. Жаңадан анықталған не борышкерге қайтарылған мүлікке (активтерге) қатысты банкроттықты басқарушы түгендеу туралы есепті осы мүлікті (активтерді) өзінің қорғауына және бақылауына қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде кредиторлар комитетіне ұсынуға міндетті.";

80) 98, 99, 100 және 101-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"98-бап. Банкрот мүлікінің (активтерінің) құнын бағалау

1. Уақытша басқарушының түгендеу туралы есебінде көрсетілген мүлікке (активтерге) бағалау жүргізу туралы шешімді кредиторлардың бірінші жиналысы қабылдайды.

Жаңадан анықталған не мүліктік массаға қайтарылған мүлікке (активтерге) бағалау жүргізу туралы шешімді банкроттықты басқарушының түгендеу туралы есебін қарау кезінде кредиторлар комитеті қабылдайды.

2. Бірінші жиналыстың немесе кредиторлар комитетінің бағалау туралы шешімінде банкроттың мүлкін (активтерін) бағалау мерзімдері және бағалаушыны тандау тәртібі қамтылуға тиіс.

3. Бірінші жиналыстың немесе кредиторлар комитетінің шешіміне сәйкес банкроттықты басқарушы тиісті мамандарды тарта отырып, дебиторлық берешекті қоса алғанда, борышкердің мүлкін (активтерін) бағалауды жүргізеді.

4. Банкроттықты басқарушы кредиторлар комитетінің шешімі негізінде мүлікті (активтерді) оның теңгерімдік құны бойынша электрондық аукционға қоюға құқылы.

99-бап. Банкроттың мүлкін (активтерін) сату

1. Талап қою құқығын қоса алғанда, банкроттың мүлкін (активтерін) сатуды банкроттықты басқарушы сату жоспарына сәйкес не тікелей сату әдісімен электрондық аукцион өткізу арқылы жүзеге асырады.

Банкроттың мүлкін (активтерін) сату бойынша электрондық аукционды өткізу тәртібін және оны ұйымдастырушыны уәкілетті орган айқындайды.

2. Банкроттықты басқарушы сату жоспарын банкроттың мүліктік массасын түгендеу және бағалау деректерінің негізінде, сондай-ақ мүлікті (активтерді) теңгерімдік құны бойынша электрондық аукционға қою туралы кредиторлар комитеті шешімінің негізінде жасайды.

Банкроттың мүлiктiк массасында тауарларды өндiру, жұмыстарды орындау және (немесе) қызметтердi көрсету үшiн кәсiпкерлiк қызметте пайдаланылатын мүлiктiк кешен болған кезде, сату жоспарында осындай кешендi бiрыңғай лотпен аукционға кемiнде екi рет шығару жөнiндегi мiндеттi талап қамтылуға тиiс.

Банкроттықты басқарушы кредиторлар комитетi белгiлеген мерзiмде сату жоспарын жасауға және оны кредиторлар комитетiне ұсынуға мiндеттi.

Егер аукцион бiрыңғай лот бойынша өтпеген жағдайда не оған қатысушылардың ешқайсысы бiрыңғай лотты иемденбесе, мүлiктi (активтердi) өткiзу бөлек лоттармен жүзеге асырылады.

3. Банкроттың айналымда шектеулi мүлкiн (активтерiн) өткiзу жабық электрондық аукционда жүзеге асырылады. Осы мүлiктi (активтердi) сатып алуға құқығы бар адамдар жабық электрондық аукционның қатысушылары бола алады.

4. Банкроттың мүлiктi (активтерi) сату жоспарына сәйкес сатуға ұсынылған, бiрақ өткiзiлмей қалған мүлкi (активтерi) өздерiнiң талаптары толық көлемде қанағаттандырылмаған тиiстi кезектiң кредиторларына, олардың келiсiмiмен сату жоспарында көрсетiлген бастапқы баға бойынша жалпы үлестiк меншiкке беруге жатады.

5. Стратегиялық объектiнi сату кезiнде Қазақстан Республикасы осындай мүлiктi (активтердi) сатып алуға басым құқыққа ие болады.

Банкроттықты басқарушы стратегиялық объектiнi сатуды "Мемлекеттiк мүлiк туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оны иелiктен шығаруға рұқсат беру туралы Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң шешiмiн алғаннан кейiн жүзеге асырады.

6. Банкроттың мүлкiн (активтерiн), сондай-ақ банкроттың кәсiпорнын тiкелей сату кезiнде сатудың бағасы және басқа да шарттары, сондай-ақ сатып алушы және онымен сатып алу-сату шартын жасасу мерзiмi кредиторлар жиналысы қабылдаған шешiмiмен айқындалады.

7. Банкроттың мүлiктiк массасында банкроттықты басқарушы тағайындалғанға дейiнгi мерзiм iшiнде құны елеулi төмендейтiн мүлiк (активтер) (тез бұзылатын тауарлар, мал және жедел өткiзудi талап ететiн өзге де тауарлар) болған жағдайларда, уақытша басқарушы мүлiк (активтер) анықталған күннен бастап үш жұмыс күнiнен кешiктiрiлмейтiн мерзiмде осындай мүлiктi (активтердi) сату жоспарын жасауға және оны уәкiлеттi органға келiсуге ұсынуға мiндеттi.

Уәкiлеттi орган екi жұмыс күнi iшiнде уақытша басқарушының өтiнiшiн қарауға және қабылданған шешiм туралы уақытша басқарушыны дереу хабардар ете отырып, сату жоспарын келiсу не келiсуден бас тарту туралы шешiм қабылдауға мiндеттi.

Уақытша басқарушы бекiтiлген сату жоспарына сәйкес мүлiктi (активтердi) өткiзуге мiндеттi.

100-бап. Мүлiктiк массаны бөлудiң кезектiлiгi

1. Әкімшілік және сот шығыстары банкрот мүлкінің (активтерінің) есебінен кезектен тыс өтеледі.

Банкроттық рәсімін жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстар әкімшілердің негізгі сыйақысын, төлеу міндеті банкроттық туралы іс қозғалған күннен бастап және одан кейінгі кезең ішінде туындаған, тартылатын мамандар көрсететін қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығындарды, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдарға еңбекақы төлеуді қамтиды.

Әкімшілік шығыстарға банкроттық рәсімі қолданылған салықтық кезеңнен кейінгі салықтық кезеңдер үшін салықтық есептілікке сәйкес борышкер есептеген, салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша мемлекеттік кіріс органы есепке жазған салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жатады.

Кредиторлар комитеті бекіткен әкімшілік шығыстар сметасы шегіндегі әкімшілік шығыстар сомалары олардың пайда болуына қарай төленуі мүмкін.

Әкімшілік шығыстар сметасы банкроттық рәсімінің барлық кезеңіне бекітіледі. Банкроттық рәсімінің мерзімдері ұзартылған жағдайда алдында бекітілген сметаға толықтырулар енгізіледі.

2. Бірінші кезекте өмір мен денсаулыққа келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша; алименттерді өндіріп алу бойынша; Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша әлеуметтік аударымдар бойынша берешектерді төлей отырып, еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдарға еңбекақы төлеу және өтемақыларды төлеу бойынша, қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін авторлық шарттар жөніндегі сыйақыларды төлеу бойынша талаптар қанағаттандырылады.

Бірінші кезектегі талаптарды өтеу осы тармақта жазылған тәртіппен жүзеге асырылады.

Кредиторлардың өмірге немесе денсаулыққа келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша талаптарын өтеу үшін мүлік (активтер) жеткіліксіз болған жағдайда, мүлік (активтер) кредиторлар арасында олардың тізілімге енгізілген талаптарының сомаларына пропорционалды түрде бөлінеді. Осы бөліктің ережелері кредиторлардың алименттерді өндіріп алу бойынша, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешектерді төлей отырып, еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдарға еңбекақы төлеу және өтемақыларды төлеу бойынша, қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін авторлық шарттар жөніндегі сыйақыларды төлеу бойынша талаптарын өтеу кезінде қолданылады.

3. Екінші кезекте осы Заңның 104-бабында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген банкрот мүлкінің кепілімен

қамтамасыз етілген міндеттемелері бойынша кредиторлардың талаптары, банкроттық рәсімді жүргізу кезеңінде банкроттықты басқарушының кредит алуы нәтижесінде туындаған талаптар, сондай-ақ орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын клирингтік ұйымның осы клирингтік ұйымның клирингтік қатысушысы болып табылатын банкрот орталық контрагенттің қатысуымен бұрын жасаған және орындамаған мәмілелердің нәтижесінде туындаған талаптары қанағаттандырылады.

4. Үшінші кезекте салықтық берешек, сондай-ақ кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешек өтеледі.

5. Төртінші кезекте азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелер бойынша басқа кредиторлармен есеп айырысу жүргізіледі, сондай-ақ:

- 1) осы Заңның 104-бабының 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайда;
- 2) бірінші кезек құрамына кірмеген авторлық шарттардан;
- 3) сотпен мәміленің жарамсыз деп танылған және мүлікті (активтерді) банкроттың мүліктік массасына қайтару нәтижесінде туындаған кредиторлардың талаптары қанағаттандырылады.

6. Бесінші кезекте кредиторлардың залалдардың орнын толтыру және тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) өндіріп алу бойынша талаптары қанағаттандырылады.

7. Алтыншы кезекте:

1) өмір мен денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу бойынша; алименттерді өндіріп алу бойынша; Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешектерді төлей отырып, еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдарға еңбекақы төлеу және өтемақыларды төлеу бойынша, қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін авторлық шарттар жөніндегі сыйақыларды төлеу бойынша талаптарды қоспағанда, осы Заңда белгіленген мерзімнен кеш мәлімделген талаптар;

2) соттың банкроттық рәсімі барысында банкроттық рәсімі қолданылғанға дейін иеліктен шығарылған банкрот мүлкін (активтерін) осындай адамның қайтаруы туралы шешім шығаруына байланысты туындаған кредиторлардың талаптары қанағаттандырылады.

101-бап. Кредиторлармен есеп айырысу қағидалары

1. Әрбір кезектің талаптары, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, алдыңғы кезектегі талаптар толық қанағаттандырылғаннан кейін қанағаттандырылады.

Кредитордың талабы оның келісуімен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен, оның ішінде ақшалай нысанда және (немесе) мүлікті (активтерді) заттай беру арқылы қанағаттандырылуы мүмкін.

2. Банкроттықты басқарушы, өткізілуге ұсынылған, алайда өткізілмеген мүлікті (активтерді) заттай түрінде осы Заңның 100-бабында белгіленген кезектілікті сақтай отырып ұсынуға міндетті.

Салықтар және кедендік төлемдер, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша кредитордан басқа, кредитор оны банкроттықты басқарушы ұсынған күннен бастап он жұмыс күннен аспайтын мерзімде мүлікті (активтерді) талапты өтеу есебіне заттай қабылдау туралы өзінің жазбаша келісімін (келіспейтінін) білдіруге тиіс. Кредитордың жазбаша келісімін белгіленген мерзімде ұсынбауы мүлікті (активтерді) заттай қабылдаудан бас тартуы болып танылады.

Кредитор мүлікті (активтерді) заттай қабылдауға мүмкіндігі болмаған немесе кредитор қабылдаудан бас тартқан жағдайда банкроттықты басқарушы осындай мүлікті (активтерді) келесі кезектегі кредиторларға ұсынуға міндетті.

3. Егер талаптарды есепке жатқызу кредиторлар талаптарын қанағаттандырудың кезектілігін бұзбаса, басқа тұлғалар тартылмай, тікелей, өзаралық негізде болып табылса, кредиторлар комитетінің шешімі бойынша банкроттықты басқарушы оның қабылданған күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей кредиторға талаптарды есепке жатқызу туралы мәлімдеуге міндетті. Есепке жатқызуға ақшаны төлеу туралы талаптар бойынша ғана жол беріледі.

4. Бірінші кезектегі кредиторлардың осы Заңның 90-бабының 3-тармағында көзделген мерзім өткеннен кейін, бірақ барлық кредиторлармен есеп айырысу аяқталғанға дейін мәлімделген талаптары кредиторлар талаптары тізілімінің бірінші кезек құрамына енгізіледі және мүлкі (активтері) есебінен қанағаттандырылуға жатады. Мұндай талаптарды тізілімге енгізгенге дейін кредиторлардың талаптарын өтеу тоқтатыла тұрады.

Бірінші кезектегі кредиторлардың барлық кредиторлармен есеп айырысу аяқталғаннан кейін, бірақ тарату балансы бекітілгенге дейін мәлімделген талаптары кредиторлар талаптары қанағаттандырылғаннан кейін банкроттың қалған мүлкі (активтері) есебінен қанағаттандырылады.

5. Банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде банкроттықты басқарушының кредит алуы нәтижесінде туындаған кредиторлар талаптары екінші кезек құрамына енгізілген, олардың алдындағы берешек банкроттық рәсімі қозғалғанға дейін туындаған кредиторлардың талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін өтеледі.

6. Банкрот мүлкінің (активтерінің) жеткіліксіздігіне байланысты кредиторлардың қанағаттандырылмаған талаптары өтелді деп саналады.

Көрсетілген сомаларды кредитор банкроттық рәсімін аяқтау туралы сот ұйғарымының негізінде дебиторлық берешек есебінен шығаруға тиіс.

Осы тармақтың ережелері осы Заңның 109-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларға қолданылмайды.";

81) 102-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кредиторлардың еңбекақы және өтемақылар төлеу бойынша талаптарының сомасын айқындау кезінде, осы баптың 5 және 6-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалған күнге түзілген берешек бірінші кезек құрамында ескеріледі.";

82) 103-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кредитордың кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша талаптары осы кредитор алдындағы талаптарды қамтамасыз ететін нысан болып табылатын мүлікті (активтерді) өткізуден түскен соманың мөлшері шегінде қанағаттандырылады. Талаптардың кепіл нысанасын өткізуден түскен соманың мөлшерінен асатын сомасы төртінші кезек құрамына енгізуге жатады.";

83) 104, 105 және 107-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"104-бап. Кепілді кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру

1. Бірінші кредиторлар жиналысы кепілге салынған мүлікті кепілді кредиторға беруге келісу (беруден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

Егер бірінші кредиторлар жиналысы кепілге салынған мүлікті кепілді кредиторға беруге келісу туралы шешім қабылдаған жағдайда, кепілді кредитор кейіннен өткізілетін кредиторлар жиналыстарында шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығынан айырылады.

Егер бірінші кредиторлар жиналысы кепілге салынған мүлікті кепілді кредиторға беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, кепілді кредитордың қалған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде кредиторлар жиналысында дауыс беруге құқығы болады, кепілге салынған мүлік мүліктік массаға енгізілуге жатады, ал кепілді кредитордың талаптары осы Заңның 103-бабына сәйкес екінші кезектің құрамында қанағаттандырылуға жатады.

Кепілді кредитордың бірінші кредиторлар жиналысына келмеуі және (немесе) кепілді кредитордың кепілге салынған мүлікті бағалау нәтижесін кредиторлардың бірінші жиналысына ұсынбауы кепілге салынған мүлікті қабылдаудан бас тартуға теңестіріледі. Кепілді кредитор кепілге салынған мүлікті заттай қабылдаудан бас тартқан кезде кепілге салынған мүлік банкроттың мүліктік массасына енгізіледі және кепілді кредитордың талаптары екінші кезектегі тәртіппен қанағаттандырылуға жатады.

Кепілді кредитордың өзіне кепілге салынған мүлікті беруге қарсы дауыс беруі де кепілге салынған мүлікті қабылдаудан бас тартуға теңестіріледі.

2. Егер кепілге салынған мүліктің кепілді кредитор бірінші кезектегі кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру есебіне төлеген соманы, сондай-ақ кепілге салынған мүлікті сақтауға және ұстауға байланысты әкімшілік шығыстарды

шегергендегі бағалау құны кепілді кредитордың кепілмен қамтамасыз етілген талабынан артық болған жағдайда, онда кепілді кредитор айырманы кредиторлардың бірінші жиналысы өткізілген күннен бастап жиырма жұмыс күннен кешіктірмей банкроттың мүліктік массасына қайтарады.

Егер кепілге салынған мүліктің бағалау құны кепілді кредитор бірінші кезектегі кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру, сондай-ақ кепілге салынған мүлікті сақтауға және ұстауға байланысты әкімшілік шығыстарды өтеу есебіне төлеген сомамен жиынтықта кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кепілді кредитордың талаптарынан кем болған жағдайда, кепілді кредитордың талаптары айырма мөлшерінде кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізіледі және төртінші кезек құрамында қанағаттандырылуға жатады.

3. Егер бірінші кредиторлар жиналысы кепілге салынған мүлікті кепілді кредиторға беру туралы шешім қабылдаған жағдайда кредиторлардың бірінші жиналысы өткізілген күннен бастап бір ай мерзімде кепілді кредитор бірінші кезектегі кредиторлардың талаптарын және кепілге салынған мүлікті сақтауға және ұстауға байланысты әкімшілік шығыстарды өтеуге міндетті. Егер бірінші кредиторлар жиналысы бірнеше кепілді кредиторға қатысты оларға кепілге салынған мүлікті беру туралы шешім қабылдаған жағдайда, бірінші кезектегі кредиторлардың талаптарын өтеуді осындай кепілді кредиторлар олардың кепілмен қамтамасыз етілген талаптарының мөлшеріне пропорционалды түрде жүргізеді.

Кепілге салынған мүлікті кепілді кредиторға беру ол бірінші кезектегі кредиторлардың талаптары мен кепілге салынған мүлкін сақтауға және ұстауға байланысты әкімшілік шығыстарды өтегеннен кейін жүргізеді.

Осы баптың мақсаты үшін кепілге салынған мүлікті сақтауға және ұстауға байланысты банкроттық рәсімі барысында:

1) салық салу объектісі ретінде кепілге салынған мүлік болып табылуына байланысты есептелінген ағымдағы салықтарды;

2) кепілге салынған мүлікке қатысты уәкілетті мемлекеттік органдар тіркеу әрекеттері жасалған кезде алатын тіркеу алымдарды;

3) кепілге салынған мүлікке Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарын жасаумен байланысты әрекеттерді;

4) кепілге салынған мүлікті тиісті жағдайын қалпына келтіру үшін жасалған жөндеуді;

5) кепілге салынған мүлікті ұстауға байланысты коммуналдық қызметтерді;

6) кепілге салынған мүлікті күзетуді, түгендеуді және бағалауды, төлеуге жұмсалған шығыстар әкімшілік шығыстар болып түсініледі.

4. Борышкер банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін шарт міндеттемелерін орындау процесінде қандай да бір сомаларды өтеген жағдайда кепілді кредиторлардың талаптары олардың өтелген бөлігінде қанағаттандырылуға жатпайды.

Кепілге салынған мүліктің жоғалғаны немесе бүлінгені үшін сақтандыру өтелген жағдайда, кепілді кредиторлардың талаптары олардың өтелген бөлігінде қанағаттандыруға жатпайды және бұл талаптардың өтелмеген бөлігі төртінші кезек шеңберінде өтелуге тиіс.

105-бап. Үшінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасы және оларды қанағаттандыру тәртібі

1. Үшінші кезектегі талаптардың құрамына енгізілетін талаптардың сомасын айқындау кезінде банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалған күнге түзілген салықтық берешек, сондай-ақ кедендік төлемдер, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, пайыздар бойынша берешек ескеріледі.

Үшінші кезектегі кредиторлардың талаптарын мүлік (активтер) жеткіліксіз болған жағдайда, мұндай мүлік (актив) олардың тізілімге енгізілген талаптарының сомаларына пропорционалды түрде олардың арасында бөлінеді.

2. Егер борышкер банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалғаннан кейінгі кезеңде салықты, кедендік төлемдер мен салықты, сондай-ақ бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді толық көлемде аудармаса, борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсім арқылы оны тарату туралы сот шешім шығарғанға дейін төленбеген сомалар борышкердің үшінші кезектегі кредиторлар алдындағы берешегінің жалпы сомасына енгізіледі.";

"107-бап. Бесінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасы және оларды қанағаттандыру тәртібі

Мүліктер (активтер) жеткіліксіз болған кезде кредиторлардың залалдарды өтеу және тұрақсыздық айыптарын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) өндіріп алу жөніндегі талаптары тізілімге енгізілген олардың талаптарының сомасына пропорционалды түрде қанағаттандырылуға жатады.";

84) мынадай мазмұндағы 107-1-баппен толықтырылсын:

"107-1-бап. Алтыншы кезектегі кредиторлар талаптарының сомасы және оларды қанағаттандыру тәртібі

Мүліктер (активтер) жеткіліксіз болған кезде кредиторлардың осы Заңның 100-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптары олардың тізілімге енгізілген талаптарының сомасына пропорционалды түрде қанағаттандырылуға жатады.";

85) 108-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"108-бап. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік (активтер)

1. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшаны банкроттықты басқарушы Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе банкроттың құрылтай құжаттарына сәйкес банкрот мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға) не оның құрылтайшыларына (қатысушыларына) береді.

2. Банкроттың сатуға ұсынылған, бірақ сатылмай қалған, сондай-ақ кредитор талаптарды қанағаттандыру есебіне немесе әкімші әкімшілік шығыстарды өтеу есебіне қабылдамаған, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейінгі қалған заттай мүліктер (активтер) банкроттың меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға) не құрылтайшыларға (қатысушыларға) беріледі.";

86) 109-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"109-бап. Банкротты борыштардан босату және оның міндеттемелерін үшінші тұлғалардың орындауы";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банкроттық рәсімнің нәтижелері бойынша банкрот мүлкінің (активтерінің) жеткіліксіз болуына қарай қанағаттандырылмай қалған кредиторлар алдындағы банкроттық міндеттемелерді орындауды, егер банкроттық рәсім кезеңінде немесе ол аяқталғаннан кейін мұндай тұлғаны субсидиарлық жауаптылыққа тарту және залал сомасын өндіру туралы сот шешімі заңды күшіне енсе, борышкердің құрылтайшысы (қатысушысы), лауазымды немесе бақылаушы адамдары жүзеге асырады.";

87) 110 және 111-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"110-бап. Банкроттықты басқарушының қорытынды есебі

1. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін банкроттықты басқарушы тарату балансын және кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүліктерді (активтерді) пайдалану туралы есепті қоса бере отырып, сотқа өз қызметі туралы кредиторлар жиналысымен келісілген қорытынды есепті ұсынады.

Банкроттың кәсіпорны сатылған жағдайда тарату балансы қоса берілмейді.

2. Өтініші бойынша банкроттық іс қозғалған салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор банкроттық басқарушының қорытынды есебін сотта қарау кезінде, егер банкроттық рәсімін жүргізу барысында жиынтығында мынадай:

1) борышкерде мүліктердің (активтердің) болмауы;

2) борышкерде жарамсыз деп тануға жататын мәмілелердің болмауы;

3) борышкердің осы Заңның 11-бабының 2-тармағының 1), 2), 3), 6), 7) тармақшаларында көзделген талаптарды орындау міндетіне кіретін лауазымды адамдарынан Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасына сәйкес өндіріп алынуы мүмкін мүліктің (активтердің) болмауы сияқты мән-жайлар анықталса, банкроттық туралы істі қозғауға және банкроттық рәсімін жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстарды өтеу туралы өтінішхатты мәлімдеуге міндетті.

3. Сот банкроттықты басқарушының қорытынды есебі мен тарату балансын бекітеді және олар ұсынылған күннен бастап он жұмыс күннен кешіктірілмейтін мерзімде банкроттық рәсімін аяқтау туралы ұйғарым шығарады.

Банкроттық рәсімін аяқтау туралы ұйғарымда банкроттың сатылмай қалған мүлкіне (активтеріне) байланысты мәселелер шешілуге тиіс. Сот ұйғарымның көшірмесін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға, уәкілетті органға, мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның аумақтық органына, сондай-ақ банкроттың талаптары қанағаттандырылмаған кредиторларына жібереді. Осы бөліктің күші банкроттың кәсіпорнын сату жағдайларына қолданылмайды.

Салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитордың банкроттық туралы іс қозғауға және банкроттық рәсімін жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстарды өтеу туралы өтінішхаты болған кезде, банкроттық рәсімінің аяқталуы туралы сот ұйғарымында, сондай-ақ, салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитордың да осындай, шығыстарды өтейтіндігі туралы нұсқау қамтылуы тиіс.";

111-бап. Уәкілетті органның интернет-ресурсына борышкерлер тізімін орналастыру

1. Уәкілетті орган өзінің интернет-ресурсына оларға қатысты банкрот деп тану, оңалту рәсімін қолдану, банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы сот шешімі күшіне енген борышкерлердің (дара кәсіпкерлердің, заңды тұлғалардың) тізімін орналастырады.

Борышкерді банкрот деп тану, оңалту рәсімін қолдану, банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы шешімдердің күші жойылған, бітімгершілік келісім жасалған немесе кәсіпорны сатылған жағдайларда борышкер тізімнен алып тасталады.

Тізімде борышкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) не атауы, экономикалық қызмет түрі, борышкердің деректемелері, басшы мен құрылтайшылардың (қатысушылардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), борышкерді банкрот деп тану, оңалту рәсімін қолдану, банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы сот шешімінің, банкроттық рәсімнің аяқталғаны, оңалту рәсімінің тоқтатылғаны не банкроттық рәсімін қозғамай таратудың аяқталғаны туралы сот ұйғарымының күндері, сондай-ақ әкімшінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), электрондық мекен-жайы, байланыс телефоны көрсетіледі.

2. Уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылған борышкерлер тізімі оларға қатысты оңалту рәсімін немесе банкроттық рәсімін қолдану не банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген борышкерлерді енгізу, сондай-ақ оларға қатысты қорытынды есепті бекіту не оңалту рәсімін тоқтату туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген борышкерлерді алып тастау арқылы тоқсан сайын, өткен тоқсаннан кейінгі айдың жиырмамынан кешіктірілмей жаңартылады.";

88) 112-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелімдеріне бұл туралы жазба енгізілгеннен немесе жеке тұлға дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен алынғаннан кейін банкротты тарату аяқталды, ал банкрот жұмыс істеуін тоқтатты деп есептеледі.

Банкроттың таралуының аяқталуы банкроттықты басқарушының өкілеттігін тоқтатады.";

"3. Заңды тұлғалар банкроттарының акционерлік қоғамдарының директорлар кеңесінің мүшелері, атқарушы органының басшылары мен мүшелері, бас бухгалтері уәкілетті орган бекіткен тәртіппен қалыптастыратын банкроттар құрылтайшыларының тізіліміне енгізіледі.";

89) 112-1-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банкрот тарапынан бітімгершілік келісім жасасу туралы шешімді мүліктің меншік иесі (ол уәкілеттік берген органы), банкроттың құрылтайшысы (қатысушысы) және банкроттықты басқарушы қабылдайды.";

90) 112-8-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Уақытша басқарушы өзінің тағайындалған күнінен бастап жиырма жұмыс күннен кешіктірілмейтін мерзімде кредиторлардың бірінші жиналысын өткізуге міндетті.";

91) 7-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"7-ТАРАУ. БОРЫШКЕРДІ БАНКРОТТЫҚ РӘСІМ ҚОЗҒАМАЙ ТАРАТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

113-бап. Борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату

Егер борышкер:

1) жоқ болған;

2) осы Заңның 114-бабының 3-тармағында көзделген талаптар жиынтығына сәйкес келген жағдайларда борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату жүзеге асырылады.

114-бап. Борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы өтінішпен сотқа жүгіну негіздері

1. Мыналар:

жоқ борышкерге қатысты – салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор;

осы Заңның 113-бабының 2) тармақшасында көзделген негіздер бар болған жағдайда – борышкер сотқа банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы өтінішпен жүгінеді.

2. Кредитордың жоқ борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы өтінішпен сотқа жүгінуі үшін:

1) борышкердің берешегінің бар болуы;

2) уәкілетті орган белгілеген нысан және тәртіп бойынша әзірленген борышкердің жоқ екенін растайтын құжат;

3) меншік құқығында, иелігінде (қолдануында) мүліктің (активтердің), оның ішінде дебиторлық берешектің болмауы;

4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша жарамсыз деп тануға жататын мәмілелердің болмауы негіз болады.

3. Борышкер өзін банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы өтінішпен сотқа жүгінуі үшін мына талаптар:

1) кредиторлар алдында республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген екі мың бес жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын берешегінің бар болуы;

2) меншік құқығында, иелігінде (қолдануында) мүліктің (активтердің), оның ішінде дебиторлық берешектің болмауы;

3) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша жарамсыз деп тануға жататын мәмілелердің болмауы;

4) банкрот деп тану туралы өтініш берілгенге дейінгі соңғы үш жылда борышкердің қызметіне байланысты банктік шоттар мен касса бойынша төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының тоқтатылуы;

5) салықтық және кедендік тексеру және Қазақстан Республикасының салықтық және кедендік заңнамасында белгіленген бақылаудың өзге нысандары тізімінде болмауы;

6) заңды тұлға құрылтайшыларына (қатысушысына), оның лауазымды және (немесе) бақылаушы адамына, сол сияқты дара кәсіпкерге қатысты борышкердің қызметімен байланысты қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік заңнамасында көзделген негіздер бойынша іс жүргізудегі немесе мерзімдері үзілген, сотқа дейінгі тергеп тексеру істерінің болмауы;

7) борышкердің азаматтық сот ісін жүргізу істері бойынша тарап ретінде қатысуы туралы мәліметтердің болмауы негіз болады.

4. Борышкердің осы баптың 3-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келуіне жауаптылықты борышкер-заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), оның құрылтайшысы (қатысушысы), лауазымды тұлғасы жауапты болады.

115-бап. Борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы өтінішке қоса берілетін құжаттар

1. Кредитордың жоқ борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы өтінішіне мынадай:

1) борышкердің кредитор алдындағы міндеттемелерін, сондай-ақ осы міндеттемелер бойынша берешектің бар екендігін және сомасын;

2) борышкердің жоқ екендігін растайтын құжаттар қоса беріледі.

2. Борышкердің банкроттық рәсімін қозғамай өзін тарату туралы өтінішіне өтініш берілген күнгі борышкердің осы Заңның 114-бабының 3-тармағында көзделген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар, сондай-ақ, борышкер заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің (ол уәкілеттік берген орган) немесе құрылтайшылардың (

қатысушылардың) борышкердің банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы өтінішпен сотқа жүгінуі туралы шешімі қоса беріледі.

116-бап. Борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау

1. Осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін, борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы өтініш келіп түскеннен кейін сот бес жұмыс күнінен кешіктірмей іс қозғау туралы ұйғарым шығарады.

2. Соттың іс қозғау туралы ұйғарымының көшірмелерін сот борышкерге, өтініш берушіге, уәкілетті органға, жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына, сондай-ақ егер борышкер заңды тұлға болып табылса, борышкердің орналасқан жері бойынша аумақтық әділет органына жібереді.

117-бап. Борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы іс бойынша іс қозғаудың салдарлары

Сот борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы істі қозғаған кезден бастап борышкер мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға) және оның құрылтайшыларына (қатысушыларына) осы Заңның 87-бабының 1-тармағының 2), 3) және 5) тармақшаларында көзделген салдарлар қолданылады.

118-бап. Соттың борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы істі қарауы

1. Сот істі қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы шешім шығарады.

2. Соттың борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы шешімінде тарату рәсімін өткізудің уәкілетті органға жүктелетіні туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс

118-1-бап. Уәкілетті орган борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай таратуды өткізу тәртібі

1. Борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату рәсімін жүргізу жөніндегі міндеттер уәкілетті органға жүктелген кезде әкімшінің осы Заңда көзделген құқықтары мен міндеттері уәкілетті органға ауысады.

2. Уәкілетті орган:

1) банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды сот банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастыруға;

2) осы Заңның 90-бапта белгіленген тәртіппен кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыруға;

3) кредиторлар жиналысында келісілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей қорытынды есеп пен тарату балансын бекіту үшін сотқа ұсынуға;

4) сот қорытынды есепті бекіткеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей банкроттың банктік шоттарын жабу туралы өтінішті екінші деңгейдегі банктерге және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жолдауға міндетті.

3. Борышкерде мүліктер (активтер) болмаған жағдайда, уәкілетті орган кредиторлар талаптарының тізілімі қалыптастырылған күннен бастап бір ай мерзімде қорытынды есепті және тарату балансын келісу үшін кредиторлар жиналысына ұсынуға міндетті.

4. Борышкерді таратуды жүргізу барысында мүлік массасы және (немесе) бұрын шығарылған мүлікті мүліктік массасына қайтару, сондай-ақ борышкердің осы Заңның 114-бабының 3-тармағында белгіленген талаптарға сәйкессіздігі анықталған кезде уәкілетті орган банкроттық рәсімін қозғау туралы өтінішхатпен борышкерді тарату туралы шешім қабылдаған сотқа жүгінуге міндетті.

Банкроттық рәсімі қозғалған жағдайда, осы Заңның 114-бабының 4-тармағында көрсетілген тұлғалар банкроттық рәсімнің нәтижелері бойынша барлық кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін борышкердің мүлкі (активтері) жеткіліксіз болған кезде, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ортақ субсидиарлық жауаптылықта болады.";

92) 123-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) банкроттық рәсімін қозғаудың алдындағы жылы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы не табиғи-климаттық жағдайлар туралы деректер (бар болса).";

93) 125-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңның 84-бабының 1-тармағында белгіленген банкроттық рәсімді жүргізу мерзімін сот кредиторлар комитетінің келісуімен банкроттықты басқарушының өтінішхаты бойынша бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.";

94) 126-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банкроттың мүлкін (активтерін) сату осы Заңның 99-бабына сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте, банкроттың мүлкін (активтерін) сату жоспарына негізгі қызмет түрін міндетті түрде сақтай отырып, бірыңғай лотпен аукцион нысанындағы сауда-саттыққа мүліктік массаны лотпен бастапқы қою жөніндегі қосымша шарт енгізіледі.";

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер аукцион өткізілмесе не оған қатысушылардың ешқайсысы бірыңғай лотты сатып алмаса, мүлікті (активті) сату бөлек лоттармен жүзеге асырылады, бұл ретте бірыңғай өндірістік кешенге кіретін мүлікті (активтерді) бөлек лоттарға кіргізуге жол берілмейді.";

4 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Банкроттықты басқарушы сатып алу-сату шартын жасасқан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органдарға бірыңғай лотпен мүлікті (

активтерді), сондай-ақ бірыңғай өндірістік кешенге кіретін мүлікті (активтерді) сату бойынша өткізілген сауда-саттықтың қорытындылары туралы ақпаратты жіберуге міндетті.";

"6. Мүліктік массаны сату жөніндегі аукцион өткізудің уақыты мен орнын кредиторлар комитетінің келісуімен банкроттықты басқарушы айқындайды."

16. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 26 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 12, 86-құжат; № 23, 119-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 53-құжат; 2017 ж., № 22, 109-құжат ; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 44-құжат):

7-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Соттың клиентке қатысты шығарылған борышкердің берешегін қайта құрылымдау рәсімін, оңалту рәсімін қолдану немесе борышкерді банкрот деп тану туралы шешімдердің көшірмесін алғанға дейін оның қатысушысы төлем жүйесіне жіберген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары кері қайтарылмайтын және түпкілікті болып табылады, орындалуға және аяқталуға жатады."

2-бап.

1. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін өз қызметін жүзеге асыратын әкімшілер осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғалардың хабарламалары тізіліміне хабарлама беруге міндетті деп белгіленсін.

2. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*